



## ТҮРКІ ЖҰРТЫ ТҮРКІСТАНДА ТОҒЫСТЫ

Түркістанда Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті өтті. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтулы басқосуда сөз сөйледі.

— Құрметті Мемлекет басшылары! Қадірлі саммитке қатысушылар! Баршаңызды Түркі әлемінің рухани астанасы — Түркістанда қарсы алып, Өздеріңізбен жүздесіп отырғанымға қуаныштымын. Менің шақыруымды қабыл алып, алқалы жиынға келгендеріңіз үшін Сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін. Түркістан — атажұртымыздың мызғымас темірқазығы. Екі дүние есігі, ер түріктің бесігі атанған шежірелі шаһар. Көне қала қашанда түбі бір түркі жұртының қасиетті қара шанырағы саналған.

Түркістан төріндегі Әзірет Сұлтан кесенесі — рухани тұтастық пен тарихи сабақтастық символы. Қожа Ахмет Ясауи бауырлас елдердің дүниетанымын кеңейтуге зор үлес қосты. Адамзатқа ортақ құндылықтарды барынша дәріптеді. Халықты



жақсылыққа, жасампаздыққа, адалдыққа шақырды. Ғұлама ойшыл ислам дінін түркі жұртының таным-түсінігімен ұштастыра білді. Аса құнды еңбектер жазып, мол мұра қалдырды. Ясауидің тағалымды ойлары мен хикметтері — түркі халық-

тарының баға жетпес байлығы. Ұлы бабамыз дәріптеген құндылықтар әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан біз Ясауидің гуманистік идеяларына баса мән беріп отырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазір елімізде «Адал азамат», «Әділетті Қазақстан», «Таза Қазақстан» және басқа да бірегей бастамалар табысты жүзеге асырылып жатқанын айтты.

— Басты мақсатымыз — ұлт сапасын барынша жетілдіріп, мемлекеттігімізді нығайта түсу. Түптеп келгенде, осы ауқымды жұмыстың негізі Ясауи ілімінен бастау алады. Бүгінгі жиында Өздеріңізге тағы да атап өткім келеді: мен биыл Ұлыстың ұлы күнінде осы киелі Түркістан жерінде Қожа Ахмет Ясауи орденін тағайындау туралы шешім қабылдадым. Осыған орай тиісті заң қабылданды, арнайы Жарлыққа қол қойдым. Бұл күллі түркі дүниесі үшін мән-мағынасы айрықша марапат деп айтуға болады. Сол себепті кеше алғашқы мәртебелі награданы аса құрметті Президент Режеп Тайип Ердоғанға салтанатты түрде табыстадым. Осылайша, біз түркі руханиятының темірқазығы — Ясауи тұлғасын дәріптей отырып, халықтарымыздың арасындағы мызғымас бауырластық тамырын нығайта береміз деп сенемін, — деді Қазақстан Президенті.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

### БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСЫ БЕКЕМ

Тәуелсіздік сарайында Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоғанды салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.



Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия көшбасшысын өзі күтіп алды. Мәртебелі мейманның құрметіне Қазақстан Республикасы Әуе қорғанысы күштерінің истребителдері Түркия туын бейнелейтін қызыл және ақ түсті жолақтардан із тастап ұшты.

Содан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды.

Салтанатты рәсім аяқталған соң президенттер шағын құрамда кездесті.

Қазақстан Президенті Түркия басшысына ілтипат көрсетті.

— Жоғары мәртебелі Президент мырза, қадірлі бауырым, Өзіңізбен Қазақстанның елордасында жүздескеніме өте қуаныштымын. Ең алдымен, менің шақыруымды қабыл алып, Қазақстанға мемлекеттік сапармен келгеніңіз үшін шын жүректен ризашылығымды білдіргім келеді. Сапарыңыздың мән-мағынасы ерекше, өте жоғары деп

айтсақ артық болмайды. Себебі бұл, шын мәнінде, тарихи оқиға. Бұл сапар елдеріміздің ынтымақтастығына үлкен серпін беретініне ешқандай күмән жоқ. Екі ел арасында тек қана достық, бауырластық, мәңгілік серіктестік қарым-қатынас қалыптасқан. Арамызда ешқандай түйткіл немесе шешілмеген мәселе жоқ. Қош келдіңіз! — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда, Мемлекет басшысы былтыр Анкараға жасаған ресми сапарын ықыласпен еске алды.

— Біз Анкарада Стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның бесінші отырысын өткіздік. Өте маңызды шешімдерге қол жеткіздік. Бүгін Кеңестің алтыншы отырысы болады. Ауқымды бизнес форум өтеді. Өзіңізбен бірге Астанаға үлкен делегация келді. Сондықтан сапарыңыз ойдағыдай өтеді деп ойлаймыз. Осылайша, өзара ынтымақтастығымыздың жарқын болашағына зор қадам жасаймыз, — деді Қазақстан Президенті.

(Жалғасы 4-бетте)

### РУХАНИ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫШАНЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы бауырластық байланыс және рухани ынтымақтастық нышаны ретінде Түркістанда бой көтерген мешітпен танысты.

Құлшылық үйінің орталық залында Құран оқылды.

Мешіт Өзбекстан Президентінің Түркістан тұрғындары мен барша қазақстандықтарға тартуы ретінде салынған.

Фимаратта дәстүрлі ислам элементтері заманауи құрылыс технологияларымен үйлесім тапқан. Қасбеті мен ішкі аумағы ұлттық ою-өрнекпен және мұсылман каллиграфиясымен безендірілген. Мұнаралардың биіктігі — 61 метр.

Фибадат орны жаңа инженерлік желілермен жабдықталған.



Сондай-ақ абаттандырылған аумақта жарықтандыру жүйе-

лері, демалыс аймақтары, субұр-қактар бар.

### СУ РЕСУРСТАРЫ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы БҰҰ Дүниежүзілік метеорология ұйымының президенті, БАӘ Ұлттық метеорология орталығының бас директоры Абдулла Әл-Мандусты қабылдады.



Кездесуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның арнаулы мекемесі саналатын Дүниежүзілік метеорология ұйымы климат, ауа райы, су ресурстары және табиғи апаттардың катерін азайту бағытындағы жаһандық ынтымақтас-

тықты ілгерілетуде негізгі рөл атқаратынын атап өтті.

Мемлекет басшысы мен Ұйым жетекшісі Қазақстан үшін стратегиялық мәнге ие климат мәселелеріне ерекше назар аударды. Атап айтқанда, ерте хабарлау жүйесін дамыту,

метеорологиялық инфра-құрылымды жаңғырту және ғылыми деректер алмасу өте маңызды.

Президент Қазақстан тарапының БАӘ Ұлттық метеорология орталығымен өзара байланысты арттыруға дайын екенін растады.

Бұдан бөлек, өңірлік және жаһандық деңгейдегі су қауіпсіздігі мен су ресурстарын басқару мәселелерін шешудің өзектілігіне мән берілді. Бұл ретте Қазақстанның БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру жөніндегі бастамасының маңызы айрықша.

Түркістан облысы БАӘ Ұлттық метеорология орталығымен бірге су қоймаларын толтыру және ауыл шаруашылығы жерлеріне су жеткізу мақсатында жауын-шашынды жасанды жолмен шақыратын бастаманы жүзеге асырады. Аталған жоба биыл 17 мамырда іске қосылады.

Осылайша, Қазақстан өңірде жасанды жаңбыр технологиясын пайдаланған алғашқы ел болмақ.

## ЫНТЫМАҚ

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының сөзінше, бүгінде Түркістан – көне мен келешекті тоғыстырған шырайлы шаһар. Аймақтың экономикалық әлеуеті жыл өткен сайын артып келеді. Былтыр облыстың экономикасы 9,3 пайызға өсті, оның көлемі 10 миллиард доллардан асты. Аймаққа 3,5 миллиард доллар инвестиция тартылды.

– Алқалы жиынды осында өткізудің мақсаты – атажұртта бауырлас елдердің көшбасшыларымен жүздесу, қайта түлеген Түркістанды төрткүл дүниеге таныту. Біз киелі орданың тарихы қандай терең болса, болашағы да сондай жарқын боларына нық сеніммен қараймыз. Осы мүмкіндікті пайдаланып, бүгін Түркістанда Өзбекстанның қолдауымен жаңа зәулім мешіт ашылғанын үлкен ризашылықпен атап өткім келеді. Ерекше тарту жасағаны үшін Өзбекстан Президенті, аса қадірлі Шавкат Миромонұлы Мирзиёевке және өзбек халқына алғысымды білдіремін.

Елдеріміздің руханиятындағы осы мешіттің орны ерекше болмақ. Бұл – қазақ-өзбек халықтары ынтымағының тарихи символы. Менің пікірімше, бұл мешітке «Миромон ата» аты берілсе, өте орынды болар еді. Қос халқымыз бұл шешімді қолдайтынына еш күмән жоқ. Себебі осы қасиетті нысан біздің арамдықтағы мәңгі достыққа қызмет етеріне сенімдіміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ  
ЖАҢҒЫРУДЫҢ  
ЖАРШЫСЫ

Қазақстан Президенті осы тұста халықаралық геосаяси ахуал аса күрделі және құбылмалы дәуірді бастан өткеріп жатқанымызды айтты. Әлемдік және аймақтық деңгейдегі бәсеке күшейіп барады. Қарулы қақтығыстар, соғыстар толастар емес. Мұның бәрі әлем экономикасына кері әсер етіп жатыр. Таяу Шығыстағы жағдайдың салдарын көршілес аймақ елдері де сезіне бастады.

– Осындай алмағайып кезеңде түркі мемлекеттерінің ауызбіршілікте болуы – өте маңызды. Себебі халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар. Қазір түркі елдері заман талабын ескеріп, экономика және инвестиция саласындағы ықпалдастықты нығайту керек, ортақ мүдде жолында күш жұмылдыруға тиіс деп санаймын. Осы орайда бүгінгі саммиттің «Жасанды интеллект және цифрлық даму» мәселесіне арналып отырғаны өте маңызды.

Қазір бүкіл әлем бұрын-соңды болмаған өзгерістермен бетпе-бет келді. Жаңа сын-қатерлер пайда болды. Дүниежүзінде технологиялық бәсеке күшейді, яғни инновациялық тұрғыдан озық ел болу мақсаты алдыңғы қатарға шықты.

Технологиялық даму кез келген мемлекеттегі тұрақтылық пен қауіпсіздік факторына айналды. Бұл – цифрлық трансформацияға дер кезінде бет бұрған елдер көш соңында қалмайды деген сөз. Сондықтан Түркі кеңесіне мүше мемлекеттер технологиялық жаңғыру үдерісінен тыс қалмауы үшін бірлесіп жұмыс істеуі керек деп санаймыз. Жасанды интеллект пен



цифрландыру үдерісі түркі әлемінің дамуына жол ашуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан цифрлық ел болуды көздеп отыр. Бұл – еліміздің алдында тұрған стратегиялық мақсат. Осы жыл Қазақстанда «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Астанада Alem.ai жасанды интеллект орталығы ашылды. Сондай-ақ екі суперкомпьютер іске қосылды. Келесі қадам – «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабын» құру. Бұл жоба аймақ елдеріне жетекші технологиялық компаниялар мен жаһандық цифрлық капиталды тартуға зор мүмкіндік бермек.

– Біз Қазақстанды аймақтық хаб ретінде дамыту үшін көші-қон үдерісін оңтайландыра бастадық. Шетелден келген кәсіпкерлерге, инвесторларға, білікті мамандарға арналған «Алтын визаны» енгіздік. Мұндай виза алған адамдар мемлекеттік және қаржылық қызметтерге Қазақстан азаматтарымен тең дәрежеде қол жеткізе алады.

Сонымен қатар елімізде Цифрлық кодекс қабылданды, Жасанды интеллект туралы заң күшіне енді. Біз білім саласындағы цифрлық инфрақұрылымды дамыту және озық технологияны меңгерген педагогтерді даярлау мәселесіне, білім беру жүйесін әр оқушының қабілетіне сай бейімдеу, олардың дербес деректерін қорғау ісіне ерекше мән беріп отырмыз. Осы мақсатпен мен жақында Жасанды интеллекті орта білім беру жүйесіне енгізу туралы Жарлыққа қол қойдым. Бұл да Қазақстанның болашағы үшін жасалған өте маңызды қадам деп айтуға болады. Алдағы уақытта еліміздің цифрлық даму бағдарын айқындайтын Digital Qazaqstan стратегиясы бекітіледі.

Таяуда Алматы қаласында Тұрақты дамуға ықпал ететін цифрлық шешімдер орталығы ашылды. Бұл бастама Біріккен Ұлттар Ұйымының аймақтық экономикалық және әлеуметтік комиссиясының

қолдауымен жүзеге асырылады. Қазақстанға тілектестік танытып, осы жобаның тең авторлары ретінде бұл жұмысқа мол үлес қосқандарыңыз үшін Сіздерге алғыс айтамын, – деп атап өтті Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы наурыз айында Түркі кеңесі сарапшыларының қатысуымен Шымкент қаласында «Жасанды интеллект және цифрлық даму» халықаралық конференциясы өткенін еске салды. Бұл іс-шара елдердің осы саладағы ынтымақтастығы мен мүдделестігін айқын көрсеткен.

– Мен былтыр Габалада өткен басқосу кезінде цифрлық даму және киберқауіпсіздік мәселесіне қатысты бірқатар бастама көтердім. Атап айтқанда, Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық мониторинг және Цифрлық инновациялар орталықтарын құруды ұсындым. Бұл орталықтар Ұйымға мүше мемлекеттердің өсіп-өркендеуіне цифрлық тұрғыдан тың мүмкіндіктер береді. Бұдан бөлек, сол алқалы жиында Киберқауіпсіздік жөніндегі кеңес құру қажет екенін айттым.

Мұндай Кеңес елдеріміздің цифрлық әлеміндегі осал тұстарды анықтап, инфрақұрылымға төнетін қауіптің алдын алуға ықпал етеді. Осы құрылым арқылы Ұйымға мүше елдердің тиісті органдары жедел ақпарат алмаса отырып, жұмыс істей алады.

Қазақстан бұл бастамалар бойынша тиісті тұжырымдамаларды әзірлеп, Ұйымға мүше мемлекеттерге келісу үшін жолдады. Аталған нақты шаралардың бәрі де елдеріміздің ортақ мүддесіне сай келеді, сондықтан, осы бағытта тиімді және белсенді әрекет етеміз деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҒЫЛЫММЕН ҰШТАСҚАН  
ҰСТАНЫМ

Бұдан кейін Қазақстан Президенті бірқатар ұсынысты ортаға салды.

– Біріншіден, сауда-экономика саласы бойынша ұйымға мүше

елдер арасында электрондық құжаттар мен цифрлық қолтаңбаны өзара тануға қатысты жұмысты бірлесіп жүргізген жөн. Екінші мәселе: Ғарыш саласы – түркі мемлекеттерінің бәсекеге қабілетін арттыруға ықпал ететін негізгі фактордың бірі. Бұл бағытты жүйелі түрде дамыту үшін елдеріміздің ғылыми, технологиялық және қаржылық әлеуеті жеткілікті. Әсіресе, спутник байланысы, навигация және мониторинг саласында бірлескен жобаларды жүзеге асырып, ықпалдастығымызды кеңейте түсу қажет. Сол арқылы технологиялық дербестігімізді нығайтып, инновациялық әлеуетімізді арттыруға мүмкіндік туады. Мысалы, «CubeSat-12U» ғылыми спутнигін іске қосудың маңыздылығын атап өтуге болады.

Үшіншіден, білім-ғылым саласына қажетті мамандар даярлайтын оқу орталықтары мен ғылыми мекемелер керек. Өзара тәжірибе алмасу, бірлесіп кадрлар даярлау және озық технологияларды енгізу өте маңызды. Сондықтан Түркі елдерінің жасанды интеллект орталықтарының желісін құруды ұсынамын. Біз Қазақстанда жаңа форматтағы технологиялық оқу орны – Жасанды интеллект университетін ашуды жоспарлап отырмыз. Жоғары оқу орнында түркі мемлекеттерінің азаматтарын оқыту үшін арнайы гранттар бөлуге дайынбыз, – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, бағдарламалау, жасанды интеллект және озық цифрлық технология салалары бойынша Түркі елдерінің жастары арасында жыл сайын ғылыми-технологиялық олимпиада ұйымдастырған жөн.

– Бұл бастамаларды жүзеге асыру үшін Түркі инвестициялық қоры тарапынан қаржылай көмек көрсетуге болар еді. Биыл Қор нақты жобалар бойынша жұмыс істеу тәсіліне көшті. Жарғылық капиталы 600 миллион долларға жетті. Оны ұлғайтуға болады. Бұл – айрықша мәні бар стратегиялық ресурс. Сол себепті Қор барлық

стартапқа қолдау көрсетіп, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға белсене атсалысады деп сенеміз. Қор толыққанды қызмет көрсетуге тиіс. Мүше мемлекеттерді осы міндетті жедел жүзеге асыруға шақырамын.

Төртінші мәселе. Қазір әрбір елде IT-жобаларға арналған технопарктер бар. Мен Түркі кеңесіне мүше мемлекеттердің IT хабтарының бірлескен орталығын ашуды ұсынамын. Орталыққа «Turkic ai» атауын беріп, оны Alem.ai орталығында орналастыруға болады. Бірлескен хаб ортақ мүдделерімізді ілгерілетуге ықпал етері сөзсіз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы бесінші мәселе ретінде жасанды интеллект пен озық технология дәуірінде рухани және мәдени құндылықтарды назардан тыс қалдырмау қажет екеніне назар аударды. Түркі өркениетінің мол мұрасын сақтау және оны зерделеу – тарихи жадыны жаңғырту мәселесі ғана емес. Бұл – біздің бірегей болмысымызды, бірлігімізді және ынтымақтастығымызды көрсететін маңызды фактор.

– Осы орайда мен Түркі өркениетінің мұрасын сақтау жөніндегі конвенция жобасын пысықтау туралы ұсынысты қолдауға шақырамын. Бұл құжат түркі халықтарының тарихи-мәдени мұрасын сақтау және дәріптеуіне құқықтық негіз болады. Сондай-ақ ЮНЕСКО-ның осы саладағы қызмет аясын кеңейте түсуге ықпал етеді.

Алтыншы мәселе. Жасанды интеллект негізінде түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты материалдарды жинақтайтын арнайы цифрлық платформа құру жөніндегі жұмысты жандандыру қажет. Бұл жоба көптілі форматта жасалуға тиіс. Сонда кез келген адам онлайн режимде түркі өркениетінің мол мұрасымен танысып, оны зерделей алады. Қазақстан бұл бастамалар бойынша жаңа-жаңа цифрлық шешімдер ұсынуға дайын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ЫНТЫМАҚ

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

## ТҮРКІСТАНДА ТОҒЫСТЫ

Президенттің сөзінше, жетінші міндет — Түркі мемлекеттерінің тарихи және мәдени мұрасын сақтау және оны болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыру.

— Сол себепті мен Түркістан қаласының руханиятымыздағы рөлін ескеріп, осында Түркі өркениеті орталығын құру туралы шешім қабылдадым. Бұл орталық бауырлас елдердің бірлесіп ғылыми зерттеу жүргізуіне, мәдени жобаларды және білім беру бағдарламаларын іске асыруына жағдай жасайды. Сондай-ақ гуманитарлық ықпалдастығымызды нығайта түседі.

Орталықтың қызметін тиімді ұйымдастыру үшін Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылыми-академиялық әлеуетін пайдаланған жөн деп санаймын. Бұл университетке қажетті қаржылай және басқа да жәрдем көрсетіледі. Бәріміз де жана ғана Түркі өркениеті орталығының іргетасын қалау рәсіміне куә болдық. Осы бастамаға көрсеткен қолдауларыңыз үшін Сіздерге алғысымыз зор, — деді Мемлекет басшысы.

Бұдан соң Қазақстан Президенті Астанада Дала өркениетін дәріптеуге арналған арнайы орталық құруды жоспарлап отырғанын жеткізді. Онда дала халықтарының тарихы мен мәдениеті кеңінен насихатталмақ. Осы тұста Қасым-Жомарт Тоқаев ұйымға мүше мемлекеттерді осы жобаны қолдауға және оған белсенді қатысуға шақырды.

— Келесі маңызды мәселе. Технологиялық даму және гуманитарлық ықпалдастық дәуірінде түркі тілдеріне ортақ терминологиялық негіз қалыптастыру қажет. Жақында Түркі Академиясы ағылшын, орыс және түркі тілдерінде сегіз томдық терминологиялық сөздікті жарыққа шығарды. Бұл жұмыс терминдерді бір ізге келтіруге және ортақ ғылым кеңістігін нығайтуға ықпал етпек. Осы орайда Кеңеске мүше елдердің тиісті мекемелерінің өкілдері, ғылыми сарапшылары кіретін Мемлекетаралық терминологиялық комиссия құруды ұсынамын, — деді Мемлекет басшысы.

БАҒЫТЫ АЙҚЫН  
БАСТАМАЛАР

Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымын жан-жақты дамытуға мүдделі. Бүгінде Ұйымға халықаралық қауымдастық сенім білдіріп отыр. Абырой-беделі де артып келеді. Осы орайда Президент Қазақстан Ресейдің «Алтай — түркі өркениетінің бесігі» жобасына оң көзқарасын білдіргенін айтты.

— Бұған қоса, біз «Алтай сұхбат алаңы (диалогы)» форумын құру жөніндегі ұсынысымызды жарияладық. Еліміз Түркияның ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы +» форматын құру бастамасын қолдады. Осы форматқа қосылуға ниет білдірген мемлекеттер мен ұйымдарға қатысты нақты өлшемдер болу қажет деп санаймын. Ең бастысы, жаңа

форматтағы жұмыс Ұйымның мақсат-міндеттеріне сай болып, оған кері әсерін тигізбеуі керек.

Мысалы, соңғы кезде Ұйымымызды әскери альянс ретінде сипаттайтын ой-пікірлер айтылып жүр. Олардың теріс пейілі бізге анық, мақсаттары — елдестіру емес екені де белгілі. Қазақстан ондай ұстанымды жоққа шығару керек деп санайды. Біз үшін түркі әлемінің бірлігін нығайту аса маңызды, кезек күттірмейтін ба-

ШАҒАР  
КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

Басқосудан кейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев түркі дүниесінің әйгілі рухани және тарихи-мәдени киелі орындарының бірі, ЮНЕСКО-

мен кесененің тарихынан сыр шертеді. Соның ішінде XIV ғасырдан бері сақталған қабірхананың ағаш есігі бар. Есік сүйекпен, қаңылтырмен және алтын жала-тылған жазулармен безендірілген. Сондай-ақ қуға мен сулус үлгісіндегі араб мәтінімен өрнектелген.

Мәртебелі меймандарға Әмір Темірдің тапсырысымен жасалған қола шырағандар, XV ғасырға тән аспалы қола кәнділдер мен айдаһар бейнесінде нақышталған

сивті дыбыс пен жарық секілді озық технологиялар қолданылады.

Сондай-ақ Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің басшыларына GovTech цифрлық шешімдері таныстырылды.

Премьер-министрдің орынбасары — Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев мәртебелі меймандарға еліміз ЖИ-ді стратегиялық басымдық ретінде қарастыратынын баяндады. Бұл орайда инфрақұрылымды, адами капиталды және инновациялық өнімдерді дамыту арқылы толық экожүйе құрылмақ.

Бүгінде Қазақстанда Starlink және OneWeb компанияларының жерсеріктік байланыс технологиялары белсенді түрде енгізілуде. Транскаспий талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту елдің транзиттік әлеуетін жана деңгейге көтереді.

Есептеуіш қуатын арттыру бұл саладағы маңызды қадамға айналды. Аймақтағы ең ірі суперкомпьютерлер іске қосылды. Енді «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» атты ауқымды жоба қолға алынбақ. Қуаттылығы 1 ГВт-тан асатын хаб AI-есептеулерді ұсынуға негізделген экономиканың жана экспорттық моделін іргесін қалайды.

Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің ынтымақтастығы ғарыш саласында да нәтиже беруде. Еліміз Өзбекстан, Түркия және Әзербайжан мемлекеттерімен бірлесіп, CubeSat ғылыми жерсерігін әзірлеп жатыр. Оны ғарышқа келесі жылы ұшыру жоспарланған.

Жасанды интеллект мемлекеттік басқару жүйесінде кеңінен қолданылуда. eGov AI ассистенті, AemGPT платформасы секілді шешімдер мемлекеттік қызметтерді анағұрлым жетілдіре түседі.

Қазақстанда мектептер мен ТУМО орталықтарынан бастап, арнаулы AI Research университеттерде жалғасатын үздіксіз білім беру жүйесі қалыптасып келеді.

Aem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығы мамандар мен стартаптар тоғысатын орынға айнала алады. Онда зерттеу жұмыстарынан жана өнімді қолданысқа енгізуге дейінгі толық цикл жүзеге асырылады.

Президенттерге көлік-логистика кешенін цифрландыру жұмыстары таныстырылды. Салаға жасанды интеллектің енгізу үдерістерді жеңілдетуге, кедергілерді азайтуға және өнімнің транзиттік әлеуетін нығайтуға жол ашды.

Бұған дейін Қазақстан Цифрлық шешімдердің Азия-Тынық мұхиты өңірлік орталығын құру жөнінде бастама көтергені белгілі. ТМУ-ға мүше елдер бұл ұсынысқа қолдау білдірді. Соның нәтижесінде Бангкок қаласында өткен БҰҰ-ның Азия мен Тынық мұхиты аймағына арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының 82-сессиясында орталықты Алматы қаласында ашу туралы қарар қабылданды. Қазақстан тарапы өз бастамасын қуаттағаны үшін серіктестеріне алғыс айтты.



сымдық. Түркі мемлекеттері ұйымы — геосаяси жоба емес, әскери ұйым да емес. Бұл — бауырлас елдердің сауда-экономикалық, жоғары технологиялық, цифрлық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайтатын бірегей алаң, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, мұндай ұстаным еліміз үшін — маңызды басымдық, себебі, бұл ұлттық мүдде тұрғысынан да тиімді екені анық. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген аталы сөз — бәріне ортақ.

— Түркі әлемі әрдайым тату болып, алға қойған мақсатынан ауытқымай, бірлесе дами беруі керек. Сондықтан бүгінгі басқосу тамыры бір, тарихи ортақ елдеріміздің ауызбіршілігін арттыра түсері сөзсіз.

Аса құрметті президенттер! Қадірлі жиынға қатысушылар! Бауырластық пен достық негізінде құрылған Ұйымының қызметі жыл өткен сайын жанданып келеді. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы ортақ бастамалар көтеріліп, өзара қолдау табатын тендесіз сұхбат алаңы ретінде қалыптасты. Мен осы тұста баршаңызға тағы да шынайы ризашылығымызды білдіремін.

Бұл басқосуда қабылданған шешімдер Түркі елдерін одан әрі қарқынды дамытуға ықпал етерін кәміл сенемін. Түбі бір түркі жұртының бірлігі нығайып, берекесі арта берсін! Осымен бейресми саммит отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға көп рақмет, — деп қорытындылады Президент сөзін.

ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барды.

Мемлекеттер басшылары ұлы ғұлама, әулие Қожа Ахмет Ясауи мен кесене аумағында жерленген басқа да белгілі тарихи тұлғалардың рухына зиярат етті.

Президенттерге кесененің XIV ғасыр соңында Әмір Темірдің бұйрығымен салынғаны, көлемі жағынан әртүрлі 35 бөлмеден тұратыны жөнінде ақпарат берілді. Ғимараттың ішкі биіктігі 39 метрді, ал сыртқы биіктігі өлшемі 41 метрді құрайды. Мәртебелі меймандар қабірхананы, орталық бөлмеде орналасқан қазандықты, тайқазанды және қола лауханы аралап көрді.

Сондай-ақ экспозицияда түркі-ислам әлемінің белгілі ойшылдары мен шайырларының еңбектерінен тұратын 45 кітап қойылған. Олардың арасында Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет», Низамидің «Хамса», Науаидің ғазалдары, Бақырғанидің шығармалары, Фирдоусидің «Шахнама», Физулидің «Ләйлі мен Мәжнүн» дастаны, сонымен бірге «Манас» жырының үзінділері және басқа да сирек кездесетін туындылар бар.

Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған кесенеге османдық каллиграф Ахмед Шемседдин Карахисаридің қолынан шыққан Құранды сыйлады.

Бұдан соң Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің басшылары Turkistan визит-орталығының жұмысымен танысты.

Мемлекеттер басшылары XIV-XV ғасырларға тиесілі сирек жәдігерлер көрмесін тамашалады. Ол Қожа Ахмет Ясауидің өмір жолы

кос құлақты шамдар көрсетілді. Көрменің ерекше сәулеттік элементі — кесене күмбезінің ұшар басында орналасқан көне кубба (мыстан жасалған).

Залдағы аса құнды жәдігердің бірі — XVIII-XIX ғасырларға жататын Қожа Ахмет Ясауи құлпытасының қабіржапқышы. Оның бедерлі ою-өрнектері діни символизмді, геометриялық композицияны, каллиграфияны ұштастырады. Орталық Азиядағы ислам мәдениетінде қабіржапқыш рухани құрметтің белгісі саналады.

Осыдан кейін Түркістанда Түркі өркениеті орталығы бой көтеретіні мәлім болды. Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшылары жана орталықтың қазығын қағып, іргетасын қалады.

Кешеннің негізгі идеясы — түркітілдес халықтарды әлем тарихында елеулі орны бар, терең философиясы мен мемлекеттілік дәстүрі қалыптасқан ұлы өркениет ретінде дәріптеу. Мұнда ортақ тарихи мұраны ғылыми тұрғыдан зерделеуге, жүйелеуге, мәдени туризм мен халықаралық ынтымақтастықты дамытуға айрықша мән берілмек.

Орталықтың архитектуралық шешімі ерекше символикалық мәнге ие. Кеңістікте түркі дүниетанымындағы Тәңір, Ергенекон, Көкбөрі, Жерұйық, Дала, Өмір ағашы сияқты маңызды ұғымдар бейнеленеді. Ал мазмұндық құрылымы жағынан экспозициялар бірнеше тақырыптық аймақтарға бөлінеді. Көрермендер тарихи оқиғаларды терең сезіну үшін виртуалды және толықтырылған шынайылық (VR, AR), голография, жасанды интеллект, иммер-

## АҚОРДА

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

## БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСЫ БЕКЕМ

(Басы 1-бетте)

Режеп Тайип Ердоған бауырлас казак елінің көрсеткен құрметіне алғыс айтты.

— Ең әуелі, бауырымыздың атажұртқа арнайы шақырғанына ризашылығымды білдіргім келеді. Бізге айрықша қонақжайлық танытып отырсыздар. Казак елінің шекарасынан өткеннен қапталдаса ұшқан ұшақтармен қарсы алып, менің делегацияма үлкен құрмет көрсеттіңіздер. Бұл бізді ерекше қуантты. Әрине, мұны ұмытпаймыз. Бүгінгі сапар бауырлас халықтардың ынтымағын арттыруға зор септігін тигізеді деп сенемін, — деді Түркия Президенті.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ӘЛЕУЕТ — ОРТАҚ МҮДДЕ**

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған Казакстан — Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің алтыншы отырысын өткізді.

Мемлекет басшысы Түркия Казакстан үшін бауырлас ел, маңызды әрі сенімді серіктес саналатынын атап өтіп, тамыры терең байланыстар қос халықтың мызғымас достығын одан әрі нығайтуға ықпал етіп отырғанын айтты.

— Казіргі таңда казак-түрік екіжақты қарым-қатынасы кеңейтілген стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамып жатыр. Елдеріміздің арасында ешқандай түйткіл жоқ. Мемлекетаралық және үкіметаралық байланыстарымыз нығайып келеді. Парламентаралық ықпалдастығымыз да жоғары деңгейде. Түрік делегациясының құрамында бір топ депутаттың және партия мүшелерінің болуы — соның айқын дәлелі. Сонымен қатар екі елдің экономикалық ынтымақтастығы күшейе түсті. Түркия ірі инвесторларымыздың қатарына кіреді. Осы уақытқа дейін Сіздің еліңізден экономикамызға 6 миллиард доллар инвестиция тартылды. Казакстанның Түркияға салған инвестициясы да өсіп, 2,5 миллиард долларға жуықтады. Сондай-ақ Түрік елі — негізгі бес сауда серіктесіміздің бірі. Қос халықтың мәдени-гуманитарлық байланыстары қарым-қатынасымыздың алтын арқауы саналады. Біз осы игі үрдісті сақтап, өзара ықпалдастығымыздың аясын кеңейте беруге мүдделіміз. Бүгін «Мәңгілік достық және кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы» декларацияны қабылдаймыз. Осы маңызды құжат казак-түрік қатынастарын дамытуға тын серпін беретіні анық. Бұл мәселе бойынша екі елдің де ниет-тілегі — бір, сондықтан әлеуетіміз де, мүмкіндігіміз де мол деп айтуға толық негіз бар, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша тауар айналымы 8,8 пайызға өсіп, 5,4 миллиард доллардан асқан. Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-саттықты әрі қарай жандандыруға қолайлы жағдай жасап, алыс-берісті әртараптан-дырудың маңызына тоқталды.

Президенттің айтуынша, Казакстан Түркияға казірдің өзінде 34 тауар түрі бойынша экспорт көлемін ұлғайта алады. Оның жалпы құны 630 миллион доллардан асады. Бұл ретте Мемлекет басшысы екі елдің қаржы орталықтары мен цифрлық сауда платформалары арасындағы серіктестіктің, сондай-ақ бүгін Астанада өтіп



жатқан Казак-түрік бизнес форумының нәтижесі сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі тереңдете түсетініне сенім білдірді.

Кенесте ауыл шаруашылығы саласындағы ықпалдастыққа айрықша мән берілді. Былтыр екі елдің агроөнеркәсіп кешеніндегі тауар айналымы 25 пайыздан асып, 360 миллион долларға жуықтаған. Бірқатар инвестициялық жоба іске асып жатыр. Қасым-Жомарт Тоқаев Tiyaki Agro қолға алған глютен мен крахмал өндірісін, Alarko Holding салып жатқан жылыжай кешенін мысалға келтірді.

Түркия тарапына Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзара саудасын жандандыру жөнінде 2026-2028 жылдарға арналған жол картасын қабылдау ұсынылды.

Жиында казіргі геосаяси жағдайда көлік-логистика саласының стратегиялық маңызы арта түскеніне назар аударылды. Мемлекет басшысы бұл ретте Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне өзге елдердің қызығушылығы артып келе жатқанына тоқталып, түрік компанияларын Құрық, Ақтау порттары арқылы жүк тасымалын ұлғайтуды көздейтін жобаларға белсенді атсалысуға шақырды.

Казакстан авиация саласындағы ынтымақтастыққа да айрықша мән беріп отыр. Сондықтан Алматы халықаралық әуежайын Орталық Азиядағы логистикалық хаб ретінде дамытуды көздеп отырған TAV Airports Holding компаниясының бастамаларына жанжақты қолдау көрсетіледі.

Денсаулық сақтау саласындағы серіктестік те қарқынды дамып келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның ірі фармацевтика алпауыттары — Abdi İbrahim және Nobel компаниялары Казакстанда өндіріс желілерін іске қосқанын атап өтті. Kөп ұзамай Oğza Group компаниясы Түркістан облысында биологиялық белсенді қоспалар өндіретін зауыттың құрылысын бастайды. YDA Group Түркістан және Петропавл қалаларында көпбейінді ауруханалар салып жатыр.

Екіжақты келіссөздер мен Казакстан — Түркия Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің алтыншы отырысының қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Режеп Тайип Ердоған Казакстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы мәңгілік достық және кеңейтілген стратегиялық серіктестік туралы декларацияға қол қойды.

**ҚАДІРЛІ  
МЕЙМАНҒА ҚҰРМЕТ**

Мемлекет басшысы Түркия Президентін Qoja Ahmet Yasaui орденімен марапаттады. Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды өз халқын алға бастап келе жатқан әлемдік деңгейдегі саликалы басшы және саясаткер ретінде ерекше құрметтейтінін атап өтті.

— Өзіңіздің көреген бастамаңызбен қолға алынған тиімді реформалардың нәтижесінде Түркия тұрақты өсіп-өркендеу жолына түсті, зор табысқа жетті, ықпалды және қуатты держава атанды. Біз түрік ағайынға әрдайым тілекшіміз, бауырлас елдің әр жетістігіне қуанамыз. Президент Ердоған — жаһандық саясатта әділдік пен жауапкершілік қағидатын табанды түрде қорғап жүрген аса көрнекті қайраткер. Сіздің «Әлем бестен үлкен» атты тұжырымдамаңыз баршаға белгілі. Бұл халықаралық қатынастар жүйесіндегі тенсіздікке қарсы айтылған бағыл үндеу екені сөзсіз. Сонымен қатар Режеп мырза түркі және ислам өркениетінің ынтымақтастығын нығайту ісінде айрықша рөл атқарып келеді. Өзіңізді түркі әлемі мойындаған беделді көшбасшы десек, артық болмайды, — деді Казакстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Казакстан мен Түркияның арасында сан ғасырлық тарихи сабақтастық бар екеніне тоқталды.

— Біздің тегіміз бен дініміз — бір, діліміз — ұқсас. Казак пен түрік жұртының тереңнен тамыр тартатын бауырластығы бүгінде стратегиялық серіктестікке ұласты. Сіз достық қарым-қатынасымызды нығайтуға, ортақ құндылықтарымызды дәріптеуге өлшеусіз үлес қосып келесіз. Сол үшін өз атымын және барша Казак елі атынан Сізге зор алғыс айтамын. Ұлы дала — түбі бір түркі халықтарының атажұрты, ал Түркістан — оның кастерлі қазынасы, рухани астанасы. Киелі шаһар тұтастығымыздың нышаны, төл өркениетіміздің алтын бесігі саналады. Сондықтан біз ертен өз жұмысын бастайтын Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитін Түркістан төрінде өткізуді жөн көрдік. Алқалы жиын ағайын елдердің арасын жақындатып, ықпалдастығын күшейте түседі деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Түркия Президентін Қожа Ахмет Ясауи атындағы мәртебелі орденмен марапаттау туралы шешім қабылдағанын, Режеп Тайип Ердоған бұл орденнің тұңғыш иегері екенін атап өтті.

— Мұның символдық мәні өте зор. Бұл марапат — ұлы бабамыз салған рухани бауырластық пен тарихи әділдік жолының жарқын үлгісі. Қадірлі Президент мырза, Сіздің Казак еліндегі беделіңіз өте жоғары. Халқымыз Сізді сыйлайды, жақсы көреді, қолдайды. Қадірлі досым, осы жоғары марапатты Сіздің түркі әлеміндегі көшбасшылық рөліңізге берілген лайықты баға деп қабылданыз. Сондай-ақ еліміздің Сізге және түрік жұртына деген шынайы құрметі, зор ризашылығы деп білініз. Өзіңізге зор денсаулық, ал барша түрік халқына амандық пен бак-береке тілеймін! Казак-түрік достығы мәңгі болсын! — деді Президент.

Режеп Тайип Ердоған Түркістанның пірі Қожа Ахмет Ясауи атындағы ерекше орденнің алғаш рет өзіне берілгеніне қуанышты екенін жеткізді.

Бұдан кейін мемлекеттер басшылары бейнебайланыс режимі арқылы Түркияда бой көтерген Қожа Ахмет Ясауи атындағы мектептің ашылу салтанатына қатысты.

**МӘНГІЛІК  
ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ**

Өз кезегінде Мемлекет басшысы Түркия Президентімен кездесудің қорытындысы бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, Мәртебелі Режеп Тайип Ердоғанға шақыруын қабыл алып, елімізге мемлекеттік сапармен келгені үшін шынайы ризашылығын білдірді.

— Атажұртқа тағы да қош келдіңіздер деймін! Сіздің Казакстанға ат басын бұрып, мемлекеттік сапармен келуіңіз — біз үшін зор мәртебе. Казак пен түрік — тамыры бір туысқан халықтар. Сондықтан бұл сапардың мәні де, мазмұны да айрықша. Түркия — Казакстанның маңызды стратегиялық серіктесі. Екі елді ғасырлар бойы қалыптасқан бауырластық байланыстар, ортақ мәдениет пен рухани құндылықтар біріктіреді. Біз — бір-бірімізге шынайы тілеулес елдерміз. Мақсатымыз — бір, бағыт-бағдарымыз — айқын. Ең басты міндет — халықтарымыздың ынтымағын күшейтіп, табысын арттыру. Бүгінде Түркия — әлемде саяси ықпалы зор, экономикасы қуатты, халықаралық абырой-беделі жоғары мемлекет. Бұл Президент Режеп Тайип Ердоғанның арқасы екеніне бүкіл әлем куә, бұған ешкімнің күмәні жоқ. Тағы да атап өту қажет: Түркияның биік белестерге шығып, зор табысқа жетуі оның жоғары басшысының көре-

ген көшбасшылығы мен қажырлы еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ мұның түп-тамырында түрік халқының даналығы, еңбекқорлығы, батылдығы мен бірлігі жатыр деп санаймын, — деді Казакстан Президенті.

Осы тұста Мемлекет басшысы Түркия еліміздің ірі инвесторларының қатарына кіретінін атап өтті.

— Бүгінге дейін түрік кәсіпкерлері экономикамызға 6 миллиард доллар көлемінде қаражат салды. Казакстанның да бауырлас мемлекетке салған инвестициясы өсіп, шамамен 2,5 миллиард долларға жетті. Қазір елімізде 4 мыңға жуық түрік компаниясы жұмыс істейді. Бұл — біздің ұзақ мерзімге арналған серіктестігіміздің кепілі. Сондай-ақ Түркия — еліміздің ең ірі бес сауда серіктесінің бірі. Екі ел арасындағы алыс-беріс 8,8 пайызға өсіп, 5 миллиард доллардан асты. Әрине, экономикамыздың әлеуетін ескеретін болсақ, бұл көрсеткішті арттыруға толық мүмкіндік бар. Бүгін біз қатысқалы отырған Казакстан-Түркия бизнес форумы екі елдің сауда-экономикалық ықпалдастығына тын серпін береді деп сенеміз. Біз ашық әрі сенімді серіктес ретінде түрік инвесторларын қолдауға әрқашан дайынбыз. Сондықтан түрік компанияларын ұзақ мерзімге арналған ірі стратегиялық жобаларға атсалысуға шақырамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, ақпараттық технологияларды дамыту, экономиканың түрлі саласында озық цифрлық тәсілдерді қолдану — заман талабы.

— Жуырда мен Жасанды интеллекті орта білім беру жүйесіне енгізу туралы Жарлыққа қол қойдым. Мұны еліміздің болашағы үшін жасалған өте маңызды қадам деуге болады. Нақтырақ айтқанда, біз білім беру жүйесін әрбір оқушының қарым-қабілетіне сай бейімдеу, олардың деректерін қорғау, цифрлық инфрақұрылымды дамыту және озық технологияны меңгерген педагогтерді даярлау мәселесіне баса мән беріп отырмыз. Казакстан жасанды интеллект пен цифрландыру саласын дамытуды стратегиялық басымдық ретінде қарастырады. Бұл бағытта екі ел кәсіпкерлері бірқатар табысты жобаларды жүзеге асырды, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары Мәртебелі Режеп Тайип Ердоған мырзамең әлемдегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасқанын айтты. Бұған қоса, Казакстан мен Түркияның стратегиялық серіктестігін нығайту — халықтарымыздың ортақ мақсат-мұраты екенін атап өтті.

— Біз тарихи тамыры терең бауырластығымызды келешек ұрпаққа аманат етіп, казіргі сансалалы қарым-қатынасымызды нығайта береміз. Бұл қос халықтың алдында тұрған қасиетті парыз деп санаймын. Құрметті Президент мырза! Ардақты бауырым, досым! Өзіңізге және делегация мүшелеріне мазмұнды келіссөздер үшін шын жүректен алғыс айтамын. Ынтымағымыз арта берсін! Казакстан мен Түркияның достығы мәңгі болсын! — деді Казакстан Президенті.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Режеп Тайип Ердоған Казакстан-Түркия бизнес форумына қатысып, Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығына барды.

М.ТӨЛЕУ

## ПАРЛАМЕНТ

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢ МАҚҰЛДАНДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Парламент палаталарының бірлескен отырысында депутаттар Қазақстан Халық Кеңесі туралы, астананың мәртебесі және елдің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Конституциялық заңдардың жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады. Жиынға Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев та қатысты.

Парламент 2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Конституцияны іске асыру мақсатымен әзірленген «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» Конституциялық заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Құжатты Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев таныстырды.

— Жаңартылған конституциялық модельдің өзегінде — адам, оның қадір-қасиеті, құқықтары мен бостандықтары тұр. Адамға бағдарланған тәсіл негізінде қоғам мен мемлекеттің өзара іс-әрекетінің сапалы жаңа үлгісі қалыптасуда. Ата заңымыздың мазмұны мен логикалық құрылымына сүйене отырып, жаңа Конституция — шын мәнінде халықтық сипатқа ие болғанын ешбір күмәнсіз айтуға болады. Жоғарғы консультативтік орган — Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуы осының айқын дәлелі, — деді Әділет министрі.

Оның айтуынша, құжат халық мүдделерін білдіруді қамтамасыз етуге және қоғамның мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу тетіктерін дамытуға бағытталған — жаңа конституциялық институтты заңнамалық тұрғыда бекітуді көздейді.

Отырыс барысында Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» заң жобасы халық мүдделерін ашық әрі жүйелі түрде білдіруге арналған институционалдық алаң қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл алаң азаматтардың мемлекеттік саясатты қалыптастыруға белсенді қатысуына ықпал етіп, қоғамдық келісімді нығайтуға және қоғамды шоғырландыруға, сондай-ақ негізгі шешімдерді талқылау, әзірлеу және қабылдау үдерістеріне атсалысуға мүмкіндік береді.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ұсынылған «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» конституциялық заң жобасы мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың жаңа сапалық тетігін қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Халық Кеңесінің негізгі мақсаты — мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруға консультативтік қатысу, қоғамдық келісімді нығайту және жалпыұлттық диалогты дамыту. Бұл орган елдің стратегиялық даму мақсаттары төңірегінде қоғамды біріктіретін маңызды институтқа айналуға тиіс», — деді ол өз сөзінде.

Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров қосымша баяндама жасап, заң жобасы Қазақстан Халық Кеңесінің құқықтық мәртебесін жоғары конституциялық консультативтік орган ретінде айқындайтынын хабарлады. Оған мына өкілеттіктерді беру қарастырылған: ішкі саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу, Құрылтайға заң жобаларын енгізу, республикалық референдум өткізу жөнінде бастама көтеру, сондай-ақ мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы диалогты қамтамасыз ету.

Заң жобасында қоғамның негізгі топтары — этномәдени бірлестіктердің, қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардың, сондай-ақ мәслихаттар мен қоғамдық кеңестердің теңгерімді өкілдігі көзделеді, әрқайсынан 42 адамнан болады.

Қазақстан Халық Кеңесі мүшелерінің ұсынылып отырған өкілеттік мерзімі — төрт жыл. Оның мүшелеріне қойылатын талаптар, олардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ өкілеттіктерін тоқтату тетіктері жеке регламенттелген.

Парламент палаталарының заң жобасы бойынша бірлескен комиссиясының құрамына Мәжілістен депутаттар Ерлан Саиров, Аманжол Әлтай және Наталья Дементьева, Сенаттан депутаттар Нұртөре Жүсіп, Нурия Ниязова және Алишер Сатвалдиев кірді. Комиссия төрағасы болып Нұртөре Жүсіп сайланды.

Бірінші оқылымда «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» конституциялық заң жобасы да мақұлданды. Құжатты депутаттарға Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы Бауыржан Омарбеков таныстырды. Оның айтуынша, заң жобасының негізгі мақсаттары — астананың мәртебесін айқындау, мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру және тұрғындар үшін қолайлы әрі қауіпсіз қалалық орта қалыптастыру.

— Мемлекет басшысы айқындаған конституциялық реформаның жалғасы ретінде елорданың құқықтық мәртебесін жаңа деңгейде бекіту ерекше маңызға ие. Елорданың қарқынды дамуы, халық санының тұрақты өсуі, оның ішінде урбанизация процестерінің күшеюі өз кезегінде құқықтық және басқарушылық тетіктерді одан әрі жетілдіруді қажет етеді, — деді Бауыржан Омарбеков.

Мәжілістегі Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Нұртай Сабильянов қосымша баяндама жасап, заң жобасында біріншіден, жергілікті мемлекеттік басқарудың ерекшеліктері, соның ішінде астананың Республиканың саяси, әкімшілік, мәдени және экономикалық орталығы ретіндегі рөлін атқаруы үшін жағдай жасау қарастырылғанын айтты.

Сонымен қатар астананың мәслихаты мен әкімдігінің қала құрылысы, көші-қон, экология, көлік және жол қозғалысы бойынша өкілеттіктері бекітіледі. Сондай-ақ қаланы дамытуды кешенді басқару көзделген. Атап айтқанда, елорданың бірінші архитектуралық келбетін қалыптастыру, құрылысты реттеу, инфрақұрылымды және қала маңы аймағын

дамыту, орманды саябақ аймағын сақтау және қорғау, көше-жол желісінің өткізу қабілетін арттыру, көлік инфрақұрылымын жетілдіру және тағы басқа нормалар регламенттеледі.

Парламент палаталарының заң жобасы жөніндегі бірлескен комиссиясының құрамына Мәжілістен депутаттар Нұртай Сабильянов, Мархабат Жайымбетов, Болатбек Нажметдинұлы және Нұрсұлтан Байтілесов, Сенаттан депутаттар Сүйіндік Алдашев, Евгений Больгер, Талғат Жүнісов және Сағындық Лұқпанов кірді. Комиссия төрағасы болып Нұртай Сабильянов сайланды.

Бұдан бөлек, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» конституциялық заң жобасы бірінші оқылымнан өтті. Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы Бауыржан Омарбеков заң жобасына әкімшілік-аумақтық бірліктерді (облыс, аудан, қала, ауыл және т.б.) айқындау, оларды құру, қайта құру және тарату тәртібін реттеу және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін белгілеуге қатысты нормалар енгізілгенін айтты.

Заң жобасында қала, ауыл және кент мәртебесін беру мен өзгертуге қойылатын нақты талаптар қарастырылған. Аталған норма елді мекендердің мәртебесін негізсіз өзгертуге жол бермейді және бұл рәсім белгіленген уақыт кезегіндегі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен тұрғындардың пікірі негізінде ғана іске асырылатын болады.

Сонымен қатар цифрландыру талаптарын ескере отырып, әкімшілік-аумақтық бірліктер мен олардың шекараларын «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесінде есепке алу және тіркеу бойынша құзыреттер бекітіледі. Елді мекендердің шекараларын белгілеу және өзгерту бас жоспарлар немесе даму схемалары негізінде жүзеге асырылатын болады. Бұл қала құрылысы мен аумақтық жоспарлаудың өзара байланысын күшейтеді.

Мұқаш Ескендіров қосымша баяндамасында әкімшілік-аумақтық құрылыс нормаларын конституциялық заң деңгейінде бекіту мемлекеттің аумақтық ұйымының тұрақтылығы мен орнықтылығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының қызметі үшін орнықты құқықтық негіз қалыптастыратынын атап өтті.

Парламент палаталарының заң жобасы бойынша бірлескен комиссиясының құрамына Мәжілістен депутаттар Мұқаш Ескендіров, Данабек Исабек, Руслан Қожасбаев және Еркебұлан Мәмбетов, Сенаттан депутаттар Жанна Асанова, Әли Бектаев, Жанболат Жөргенбаев және Бауыржан Қаниев кірді. Комиссия төрағасы болып Әли Бектаев сайланды.

Сонымен қатар отырыста депутаттар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» конституциялық заң жобасы бойынша Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының құрамын өзгерту туралы мәселені қарады. Өкілеттігі тоқтатылған Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаевтың орнына депутат Берік Бейсенғалиев келді.

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ



## ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢДЫ МАҚҰЛДАДЫ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда депутаттар күн тәртібіне шығарылған бірқатар заңды қарап, депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыста сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды екі оқылымда қарап, мақұлдады. Құжат жұмыскерлердің құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтуді, әлеуметтік әріптестікті дамытуды, еңбек қауіпсіздігі стандарттарын арттыруды және еңбек қатынастарының негізгі рәсімдерін нақтылауды көздейді.

— Каралған заң ұлттық еңбек заңнамасын жетілдіруге арналған. Соның аясында жұмысшы мен жұмыс берушінің құқықтарын үйлестіруге арналған нормалар топтамасы қарастырылды. Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдардың құзыреті бірқатар жаңа міндетпен толықты. Жалпы, заң елімізде еңбек адамдарының құқықтық кепілдігін күшейтіп, жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыра түседі деп сенеміз, — деді Мәулен Әшімбаев.

Нақты айтқанда, Еңбек кодексіне жұмыскерлердің заңды мүдделерін сақтау мәселелері бойынша бірқатар жаңа норма енгізіледі. Соның ішінде еңбек саласында ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау қағидаттарын бекіту, жұмыскерлердің скринингтік зерттеулерден өту тәртібін айқындау және ауысым алдындағы медициналық тексеруге кеткен уақытқа ақы төлеу мәселелері қамтылған. Бұдан бөлек, жұмыс берушінің еңбек жағдайлары өзгерген жағдайда жұмыскерді жазбаша түрде хабарлар ету міндеті қарас-

тырылды. Сондай-ақ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске де толықтырулар енгізіледі. Соған сәйкес, жұмыскер тіркелген медициналық ұйым цифрлық технологиялар арқылы азаматтарға скринингтен өту қажеттігі жөнінде хабарлама жіберіп, скринингтен өтуге тиіс жұмыскерлер туралы мәліметті жұмыс берушіге жолдай алады.

Сенат отырысында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» заң да қаралып, мақұлданды. Құжатты ратификациялау нақты сектордың әлеуетін арттырып, ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Айқын құқықтық тетіктер жоғары технологиялар саласына инвестиция тартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экспорттық әлеуетті нығайтуға жол ашады. Бұл қадамдар стратегиялық серіктестікті тұрақты экономикалық өсу мүддесіне пайдалануға мүмкіндік береді.

— Келісім Қазақстан мен Қытай арасындағы ұзақмерзімді екіжақты ынтымақтастықты әрі қарай нығайтуды көздейді. Занда инвесторларға арналған құқықтық кепілдіктер, мемлекеттік қолдау шаралары және дауларды шешудің нақты тәртібі қарастырылған. Бұл келісім алдағы уақытта екі елдің стратегиялық серіктестігін одан әрі дамытуға серпін береді деп сенеміз, — деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар депутаттар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарап, мақұлдады. Құжат мемлекеттік наградалар жүйесін және марапатқа ұсыну тәртібін жетілдіруге, олардың қоғамдық маңызын арттыруға, жаңа мемлекеттік наградаларды енгізуге және осы саладағы заңнаманы өзектендіруге бағытталған. Аталған заң арқылы жаңа ордендермен марапатталатын азаматтар санаты да айқындалады. Нақты айтқанда, AL-FARABI ордені білім, ғылым, мәдениет және рухани өмір салаларында елеулі жетістікке қол жеткізген азаматтарға табысталады. Ал QOJA AHMET YASAUИ орденімен отандық және шетелдік ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ мемлекеттілікті нығайтуға, қоғамдық-саяси, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық салаларды дамытуға үлес қосқан азаматтар марапатталады. Бұдан басқа, қайырымдылық, меценаттық және филантропиялық қызметке елеулі үлес қосқан азаматтарды марапаттау үшін «Мейірім» ордені тағайындалады.

Отырыста «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына сенаторлар сайланды. Іс-шара барысында сенаторлар Үкіметке өздерінің депутаттық сауалдарын да жолдады.

## ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Жалпы отырыста депутаттар бастамашы болған Салық кодексіне енгізілетін түзетулерді қарау ұсынылады. Олар Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының нормаларын іске асыруға бағытталған және бір палаталы Парламент – Құрылтайды құрумен, Қазақстан Халық Кеңесінің құрылуымен, сондай-ақ азаматтар Конституциялық Сотқа жүгінген кезде мемлекеттік бажды алып тастаумен байланысты.

Бірінші оқылымда Мәжіліс нотариаттық қызмет мәселелері жөніндегі заң жобасын талқылайды. Құжатты депутаттар осы саладағы мемлекеттік бақылауды күшейту үшін әзірледі. Ол тексеру рәсімдерін реттейді және уәкілетті органның өкілеттіктерін кеңейтеді. Кәсіпкерлік кодексінің нормаларына негізделген қазіргі модель әділет органдарының бұзушылықтарға жедел ден қою мүмкіндігін айтарлықтай шектеп отыр. Жаңа нормалар, сондай-ақ нотариустардың цифрлық заңнаманы, электронды цифрлық қолтаңбаны пайдалану қағидаларын және деректерді ақпараттық жүйелерге енгізу мерзімдерін

сақтамағаны үшін жауапкершілігін күшейтеді.

Сонымен қатар күн тәртібіне қорғаныс, әскери қызмет және әскери қызметшілердің құқықтық жағдайын жетілдіру мәселелері жөніндегі депутаттық заң жобасы ұсынылды. Түзетулер қорғаныс, әскери қызмет және бітімгершілік қызмет туралы салалық заңдарға енгізіледі. Мемлекет басшысының 2024 жылғы 9 қазандағы тапсырмасын орындау үшін жоғары әскери лауазымдарға кандидаттардың цифрлық рейтингі жасалады. Бұған қоса әскери қызметшілерді әлеуметтік қорғауды күшейту жөніндегі нормалар қарастырылған.

Бұдан бөлек, Мәжіліс жаңа құжаттарды жұмысқа қабылдайды. Олардың қатарында Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2025 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері, ауыл шаруашылығы жерлерінің ұтымды пайдаланылуына бақылауды күшейту бойынша Жер кодексіне түзетулер және Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы цифрлық экономика саласындағы әріптестік туралы келісім бар.

## ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУДЫ ТАПСЫРДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының экономиканы әртараптандыру және отандық өндірісті дамыту жөніндегі тапсырмалары шеңберінде жеңіл өнеркәсіпті дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин саланың әлеуметтік маңыздылығын атап өтіп, жеңіл өнеркәсіпте жұмыс істейтіндердің 60%-ын әйелдер құрайтынын жеткізді.

Жиында өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаевтың саладағы бүгінгі ахуал, орын алып отырған кедергілер мен даму перспективалары туралы баяндамасы тыңдалды. ӨКМ деректері бойынша 2025 жылдың қорытындысында саладағы өндіріс көлемі 260 млрд

теңгеге жеткен. Осы жылдың басынан бері өнеркәсіптегі өңдеуші сектордың өсуі 9,9%-ды құраған, бұл ретте жеңіл өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,2 есеге ұлғайған. Десе де салада импорттың жоғары үлесі сақталуда.

Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-министр қазақстандық өндірушілерге өткізу нарықтарына шығуға кепілдік бере отырып, өндірісті ұлғайту үшін қосымша ынталандыратын модель қалыптастыру қажеттігіне назар аударды.

## БАҒДАР

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ



## «АМАНАТ»:

ЕЛ АЗАМАТТАРЫН ЕЛЕҢДЕТКЕН  
МӘСЕЛЕЛЕРГЕ НАЗАР АУДАРЫЛДЫ

Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» Төрағасы Ерлан Қошанов партияның Республикалық қоғамдық қабылдау алаңында азаматтарды қабылдады. Тұрғындар партия Төрағасына су желілерін жөндеу, елді мекендерді газдандыру және шекара маңындағы ауданда пошта қызметін жолға қою сынды бірқатар маңызды мәселемен жүгінді.

Қоғамдық қабылдауға келген Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының тұрғыны Бейбіт Қасенов су желілерін жөндеуге республикалық бюджеттен қаражат бөлу мәселесін қозғады.

«Аудан орталығындағы су желілерінің жөндеу көрмегеніне 30 жылдың жүзі болды. Бүгінде инфрақұрылымдық жүйенің 60-70 пайызы тозығы жетіп тұр. Соның салдарынан тұрғындарды сапалы ауызсумен тұрақты қамтамасыз етуге қатысты күрделі мәселе туындап отыр. Ал жергілікті бюджеттен қаражат бөлуге мүмкіндік жоқ», — деді ол.

Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету айрықша маңызды міндет екенін атап өткенін және соңғы жылдары осы бағытта нақты шаралар қабылданғанын еске салды. Сондай-ақ партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында барлық тұрмыстық және әлеуметтік инфрақұрылым ауыл тұрғындары үшін қолжетімді болуы, ауылдар таза ауызсумен қамтамасыз етілуі мақсатында ауқымды жұмыс атқарылуда. Бұл ретте партия Төрағасы Бейбіт Қасеновтың өтініші партияның ауыл тұрғындарына жайлы жағдай жасау бағытында қолға алып жатқан жұмысында, заң шығару ісінде және өзге де қызметінде ескерілетінін атап өтті.

Ал Астана қаласында тұрып жатқан Мәди Сейтманов, Әзірет Мырзақасым, Жанерке Жасұзақ және Сұлтан Батырбек есімді жас азаматтар қоғамдық тамақтану орнында жұмыс істегендерін, алайда жұмыс беруші жалақыларын бермей кеткенін айтып, шағымданды. Ерлан Қошановтың айтуынша, заңнамаға сәйкес, жұмыс беруші қызметкермен міндетті түрде еңбек шартын жасасуға тиіс. Одан жалтаруға жол беруге болмайды. Сондықтан партия жастарды жұмысқа орналастыру мәселесіне жіті мән береді. Мәселен, партияның «Жастар Рухы» жастар қанаты колледж және жоғары оқу орын түлектеріне арналған ауқымды бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізіп келеді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев адал еңбек қашанда бағалануға, қорғалуға және лайықты қаржыландырылуға тиіс екенін үнемі айтып келеді. Бүгінде еліміз Прогрессивті әрі Әділетті Қазақстанды құру жолына түсті. Референдумда азаматтар кеңінен қолдаған жаңа Конституцияға сәйкес, әр адамның еңбек етуге, қызмет пен кәсіп түрін еркін тандауға құқығы бар. Қазақстан Республикасы азаматтардың әлеуметтік тұрғыда қорғалу құқығына заңға сәйкес кепілдік береді. Ал Мәжіліс қабырғасындағы партиямыздың фракция депутаттары азаматтардың еңбек құқығының қорғалуына қатысты заңнамаларға тиісті өзгерістер енгізу жұмысын күшейтеді», — деді Ерлан Қошанов.

Астана қаласының тұрғыны Гүлмира Маженова есірткі айналымы үшін сотталған адамдарға қатысты қылмыстық саясатты жетілдіруді және заңнаманы ізгілендіруді ұсынды. Сонымен қатар Жамбыл облысы Жуалы ауданы Жаңаталап ауылының тұрғыны Серік Қожағұлов телефон және интернет байланысы сапасын жақсартуды сұрады. Ал Бауыржан

Жауғашаров Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданында пошта қызметін жолға қою мәселесіне назар аударды. Ерекше қажеттілігі бар балалар тәрбиелеп отырған Гүлбахрам Ерғалимова жеңілдікпен автокөлік сатып алуға көмек көрсетуді өтінді. Өз кезегінде Иван Маркштедер есімді азамат электр қуатын есепке алу құралдарын орнату тәртібіне қатысты ұсынысын жеткізді.

Сондай-ақ азаматтар ерекше қажеттілігі бар балаларды оналту және дамыту орталығына қолдау көрсетуге, арнайы білім беру ұйымдары педагогтарының жалақысына, оқушылар сарайын, теміржол арқылы өтетін жерүсті жаяу жүргіншілер көпірін салуға қатысты бірқатар мәселе көтерді. Өз кезегінде Партия Төрағасы бүгін көтерілген мәселенің бәрі жүйелі түрде шешілетінін айтты.

Ерлан Қошанов азаматтармен кері байланыс орнатуда осындай қабылдаулар өткізудің маңызына тоқталып, «АМАНАТ» партиясы алдағы уақытта да халықтың мұң-мұқтажын шешуге баса мән беретінін атап өтті.

«Біз ел-елді көп аралаймыз. Халықтың жағдайын, талап-тілегін жақсы білеміз. Сайлауалды бағдарлауымызда олардың бәрі қамтылған. Барлығы кезең-кезеңімен іске асып жатыр. Бірақ өңірлерді аралау бір бөлек, азаматтармен бетпе-бет кездесіп, мұң-мұқтажын да тыңдауымыз керек. Біз үшін әр адамның мәселесі маңызды. Оны шешу — басты міндетіміз. Былтыр «АМАНАТ» партиясының қоғамдық қабылдауына азаматтардан 124 мың өтініш келіп түсті. Олардың басым бөлігі шешілді. Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы, халық үніне құлақ асатын партия дегеніміз осы», — деді партия Төрағасы.

Қабылдау қорытындысы бойынша Ерлан Қошанов азаматтарды толғандырған барлық мәселені жеке бақылауына алды.

ҚАРЖЫЛЫҚ  
ДЕРБЕСТІК КЕПІЛІ

Астанада Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиевтің төрағалығымен «АМАНАТ» партиясы жанындағы Өңірлік даму жөніндегі Республикалық кеңестің отырысы өтті. Талқылау жұмысына партия Хатшысы Ержан Жылқыбаев, Парламент депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, облыс әкімдерінің орынбасарлары, кеңес мүшелері және партияның өңірлік филиалдарының өкілдері қатысты.



Отырысты ашқан кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиев бюджеттің IV деңгейін енгізу қадамы ауылдық округтердің қаржылық дербестігін арттырудың және жергілікті маңызы бар мәселелерді неғұрлым тиімді шешудің маңызды құралы екенін атап өтті.

Өз кезегінде Ержан Жылқыбаев Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және ауыл әкімдерінің өкілеттігін арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын айтты.

Ауылдарды жүйелі дамытпайынша, мемлекет те орнықты дамымайды. Осыған байланысты ауылдық елді мекендерді цифрландыруға және заманауи технологияларды енгізуге ерекше назар аударылып отыр.

Сондай-ақ ол «АМАНАТ» партиясы Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясымен бірлесіп, ауыл әкімдері мен мәслихат депутаттарының кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған «Әкімдер мектебі» жобасын жүзеге асырып жатқанын мәлімдеді.

Бұл ретте Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков бюджеттің IV деңгейінің қазіргі жағдайы мен оны дамыту перспективалары туралы ақпарат ұсынды. Оның айтуынша, кейінгі сегіз жылда ауыл бюджетінің кіріс базасында тұрақты өсім бары байқалады. Бүгінде ауыл әкімдерінің аппараттары қаржыны 19 бағыт бойынша игеріп отыр. Басым бағыттар қатарында көшелерді жарықтандыру, елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру жұмысы бар. Былтыр шығындардың басым бөлігі дәл осы мақсаттарға бағытталды. Бұл кадам ауылдық жерлердегі тұрмыс сапасын арттыруға ықпал етуде.

Сондай-ақ өңірлердегі өкілдер атқарылған жұмыс нәтижесі туралы баяндап, ауылдық округтердің қаржылық дербестігін нығайту бойынша өз ұсыныстарын ортаға салды.

Отырыс барысында бюджеттің IV деңгейін одан әрі дамытуға кедергі келтіріп отырған негізгі мәселелер айқындалды. Олардың қатарында ауыл әкімдіктеріндегі кадр тапшылығы, салық базасының шектелуі, трансферттерге жоғары тәуелділік, мемлекеттік сатып алу саласындағы қиындықтар, цифрландыру деңгейінің жеткіліксіздігі және қаржы ресурстарының аздығы бар.

Отырыс қорытындысы бойынша, жаңа Бюджет кодексінің ережелерін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдарға даму жоспарларын жаңғырту тапсырылды.

## НАРЫҚ

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Қазақстанға  
Қытайдан BYD  
Destroyer 05 гибрид  
көлігін әкелген азамат-  
тар мен мемлекеттік кірістер  
органдарының арасында дау  
туындады. Көлік иелері 2025  
жылғы автомобильдерді сол кезде  
қолданыста болған ресми кедендік  
шешімдер негізінде рәсімдегенін  
айтса, кейін мемлекеттік  
органдар тарапынан қосымша  
төлемдер талап етіліп, кейбір  
азаматтардың банк шотта-  
рына шектеу қойыла  
бастаған.



**А** Кәмила ДҮЙСЕН

Қазір бұл мәселе әлеуметтік желілерде де қызу талқыланып жатыр. Бір тарап мемлекет бұрын бекіткен тәртіптің кейін өзгергенін айтса, екінші тарап кедендік классификацияны нақтылау заң аясындағы процесс екенін алға тартады. Әзірге дау толық құқықтық шешімін тапқан жоқ.

Мәселенің өзегі – BYD Destroyer 05 көлігінің ЕАЭО тауар номенклатурасындағы кедендік классификациясына қатысты.

Көлік иелерінің айтуынша, 2025 жылдың ақпанынан қыркүйегіне дейін бұл модель Қазақстанға 8703603099 коды бойынша рәсімделіп келген. Аталған код Дүниежүзілік сауда ұйымы аясындағы жеңілдетілген мөлшерлемені қолдануға мүмкіндік берген. Азаматтар бұл шешімдердің ЕАЭО-ның ресми ақпараттық жүйесінде ашық тұрғанын және кеден органдарының өздері қолданып келгенін айтады.

Сол кезеңде BYD Destroyer 05 көлігіне сұраныс артқан. Әсіресе, гибрид модельдердің бағасы мен жанармай шығынына қызыққан азаматтар бұл көлікті жаппай әкеле бастағанын көреміз. Нарықтағы сатушылардың айтуынша, модель Қазақстанға негізінен Қытайдан жеткізілген. Алайда бірнеше айдан кейін жағдай өзгеріп отыр.

Көлік иелерінің сөзінше, мемлекеттік кірістер органдары кейіннен кейбір азаматтарға кедендік төлемдерді қайта есептеу туралы хабарлама жолдай бастаған. Сонымен қатар бірқатар азаматтың банк шоттарына шектеу қойылып, қаржылық операция жүргізуі қиындаған.

Осындай жағдайға тап болғандардың бірі – Айсұлу Уәлиева. Оның айтуынша, көлік әкелінген кезде рәсімнің бәрі заңға сай жүргізілген.

– Мен BYD Destroyer 05 көлігін Қазақстанға 2025 жылдың сәуір айында сол кезде қолданыста болған заң талаптарына сай рәсімдеп әкелдім. Кедендік рәсімдеу ресми алдын ала классификациялық шешімдер негізінде жүргізілді және барлық төлем толық көлемде төленді. Сыртқы экономикалық қызметтегі бірыңғай тауар номенклатурасының (СЭҚ ТН) 8703-603099 коды ашық қолданыста болды әрі жеңілдетілген ДСҰ мөлшерлемесін пайдалануға мүмкіндік беретін. Кейін, 2025 жыл-

# КЕШЕ ЗАҢДЫ, БҮГІН ДАУЛЫ БОЛҒАН ГИБРИД КӨЛІКТЕР

дың қыркүйегінен соң классификацияға қатысты тәсіл өзгеріп, соның негізінде менің барлық Kaspi шоттарым бұғатталды. Ең бастысы – бұған дейін Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінен ешқандай ресми ескерту немесе хабарлама келген жоқ, – дейді Айсұлу.

Гибридті көлік иесінің сөзінше, ресми рәсімдеу барысында мемлекеттік органдар тарапынан ешқандай ескерту болмаған. Айсұлу ханым, өз мәлімдемесінде даулы мәселелердің бірі – «30 минуттық қуат» көрсеткіші екенін де атап өтті.

– Мен көлікті рәсімдеу кезінде қолданыста болған заңнама аясында адал әрекет еттім және барлық есепті уәкілетті мемлекеттік органдар қабылдады. Сондықтан кедендік рәсімдеу толық аяқталғаннан кейін бірнеше айдан соң қосымша төлем талап ету дұрыс емес деп санаймын. Оның үстіне қайта есептеу «30 минуттық қуат» көрсеткішімен негізделіп отыр, бірақ бұл көрсеткішті есептеудің бекітілген әдістемесі де, ЕАЭО техникалық регламенттерінде нақты нормасы да жоқ. Мұндай жағдай бұрынғы құқықтық қатынастарға кейін енгізілген тәсілдерді қолданумен тең деп ойлаймын. Сол себепті банк шоттарыма дағы шектеулерді алып тастап, бұрын рәсімделген көліктерге қатысты жаңа тәсілдердің заңдылығын тексеруді сұраймын, – дейді ол.

Осыған байланысты бір топ азамат Мәжіліс депутаты Абзал Құспаннның атына ұжымдық хат жолдаған. Құжатта олар мемлекеттік кірістер органдарының әрекеттеріне құқықтық баға беруді сұрайды.

Ұжымдық үндеуде Қазақстанға 2025 жылдың өзінде BYD Destroyer 05 моделіндегі бес мыңнан астам көлік әкелінгені айтылған. Хат авторлары мәселені тек бір

модельге қатысты дау емес, құқықтық тұрақтылық мәселесі ретінде бағалайды.

Мәселе көтерген азаматтардың бірі А.Әшімхановтың айтуынша, өз атына ешқандай ресми хабарлама да, электронды ескерту де келмеген.

– Соған қарамастан Алматы қалалық Мемлекеттік кірістер департаменті банк шоттарымды бұғаттап тастады. Мен BYD Destroyer 05 көлігін Қазақстанға сол кездегі заңнамаға толық сай рәсімдеп әкелдім. Кедендік рәсімдеу ресми алдын ала классификациялық шешімдер негізінде жүргізілді және барлық төлем толық төленді. Ол кезде СЭҚ ТН-нің 8703603099 коды ашық қолданыста болды әрі жеңілдетілген ВТО мөлшерлемесін пайдалануға мүмкіндік беретін. Ал қазір кейін өзгерген тәсілдерді бұрын рәсімделген көліктерге қолданып, менің шоттарымды бұғаттап отыр, – дейді Азамат Әшімханов.

Көлік иелерінің негізгі күәжі – құқықтық нормалардың кері күшпен қолданылуы керек деген мәселе. Олар көлікті рәсімдеген кезде қолданыста болған тәртіпке сүйенгендерін айтып отыр.

– Мен көлікті әкелген кезде қолданыста болған заң талаптарын бұзған қайшы, барлық есепті мемлекет қабылдады. Сондықтан кедендік рәсімдеу аяқталғаннан кейін бірнеше ай өткен соң қайтадан қосымша төлем талап ету әділетсіз деп есептеймін. Оның үстіне доначисление «30 минуттық қуат» көрсеткішімен байланыстырылып отыр, бірақ бұл көрсеткішті есептеудің нақты бекітілген әдістемесі жоқ. Мұндай жағдай құқықтық айқындық қағидатына қайшы келеді және нормаларды кері күшпен қолдануға ұқсайды. Сондықтан шоттарыма дағы барлық шектеуді алып тастап, бұрын рәсімделген көлік-

терге қатысты жаңа тәсілдердің заңдылығын тексеруді сұраймын, – дейді ол.

Бұл мәселеге байланысты Заңгерлер де әртүрлі пікір білдіруде. Мәселен, Qazaq Expert Club-тың салық саласы бойынша сарапшысы Раушан Тасшоинова ЕАЭО-ның кеден заңнамасы тауар шығарылғаннан кейін де оның классификациясын қайта қарауға мүмкіндік береді. Бірақ тәсілдің өзгеруі автоматты түрде қайта есептеу заңды дегенді білдірмейді.

– Егер көлік сол кезде қолданыста болған алдын ала классификациялық шешім негізінде рәсімделіп, декларация беруші тауар туралы барлық мәліметті толық ұсынса, бұл сыртқы экономикалық қызметке қатысушы тарап үшін белгілі бір құқықтық тұрақтылық қалыптастырады. СЭҚ ТН кодтары өзгеріп, жеңілдік қарастырылған санаттар кейіннен кейін көліктің техникалық сипаттамаларына көбірек мән беріле бастады. Мұндай жағдайда негізгі мәселе – бастапқы классификация шынымен қате болды ма, әлде бұл көліктің техникалық параметрлерін бағалаудың жаңа тәсілі ме деген сұраққа тіреледі, – дейді маман.

Оның сөзінше, Қазақстанда кеден даулары бойынша мұндай жағдайлар бұрын да болған. Бұл тек автокөлікке қатысты емес, балалар жөргегі, өндірістік жабдық, аяқкиім бөлшектері мен ауыл шаруашылығы техникасы сияқты тауарларда да кездескен. Яғни, тауар рәсімделіп кеткеннен кейін оның классификациясы өзгертіліп, қосымша төлем есептелген жағдайлар бар.

– Мемлекеттік кірістер органдары бірнеше ай өткен соң бұрын қабылданған кедендік шешімді қайта қарап, қосымша төлем талап ете алады. Тауар шығарылғаннан кейінгі кедендік бақылау

ЕАЭО мен Қазақстан заңнамасында нақты қарастырылған. Кеден органдары тауар классификациясының дұрыстығын тексеруге, құжаттар сұратуға және заңбұзушылық анықталса, қосымша төлем есептеуге құқылы.

Алайда мұндай дауларда дәлел базасының маңызы өте жоғары. Кеден органы нақты қандай техникалық сипаттамалардың қате анықталғанын, бастапқы СЭҚ ТН коды не себепті дұрыс емес деп танылғанын және қайта классификация қандай құжаттар мен нормалар негізінде жасалғанын көрсетуі керек, – деп сөзін жалғады Раушан Тасшоинова.

Сарапшы осындай дауларда көбіне тауардың техникалық сипаттамаларын түсіндіру мен СЭҚ ТН интерпретациялаудың негізгі қағидаларын қолдану бойынша түрлі көзқарас туындайтынын жасырмайды. Сонымен қатар ол кейбір істерде импорттаушылар кеден органының классификацияны өзгертуге жеткілікті негіз келтіре алмағанын немесе тексеру рәсімін бұзғанын дәлелдеп, сот арқылы салықты қайта есептеудің күшін жойған жағдайлар да болғанын алға тартты.

– «Электр қозғалтқышының максималды 30 минуттық қуаты» деген термин расында ЕАЭО-ның СЭҚ ТН жүйесінде электр қозғалтқышы бар кей көлік түрлерін сипаттау кезінде қолданылады.

Бастапқыда бұл көрсеткіш сертификаттау мен техникалық реттеу мақсатында енгізілген электр қозғалтқышының техникалық сипаттамасы болатын. Оның мақсаты – қозғалтқыштың қысқа уақыттағы шекті қуатын емес, белгілі бір уақыт бойы тұрақты ұстап тұра алатын қуатын көрсету. Даудың өзі терминге емес, нақты көліктер бойынша бұл көрсеткіштің қалай анықталатынына байланысты туындайды. Кей мәселелерде 30 минуттық қуат туралы ақпарат мүлде жоқ немесе өндіруші құжаттарында толық ашылмайды. Қазақстанда бұл көрсеткішті анықтау мен тексерудің бірыңғай әрі ашық тәсілі әлі толық қалыптасқан жоқ, – дейді маман.

Сондай-ақ Роза Тасшоинова егер көлікті қайта классификациялау мен қосымша төлем есептеу нормативтік құжаттарда нақты бекітілмеген және ресми жарияланбаған ішкі немесе есептік тәсілдерге сүйенсе, бұл дауға негіз болуы мүмкін екенін атап өтті. Әсіресе, көлік кедендік рәсімдеуден өтіп, еркін айналымға жіберіліп қойған жағдайда.

– Қазіргі жағдайда мұндай көліктерді импорттайтындарға техникалық құжаттаманы алдын ала мұқият тексеріп, қажет болса аккредиттелген сынақ зертханалары немесе сәйкестікті растау органдары арқылы техникалық сипаттамаларды ресми түрде бекітіп алған жөн. Бұл кедендік рәсімдеу кезінде туындауы мүмкін даулардың тәуекелін азайтады, – деп сөзін тәмамдады сарапшы.

Әзірге бұл даудың нақты немен аяқталары белгісіз. Бірақ гибрид көліктерге қатысты туындаған жағдай кедендік рәсімдердің ашықтығы, мемлекеттік шешімдердің тұрақтылығы және азаматтардың ресми тәртіпке деген сенімі туралы үлкен талқылауға жол ашты.

## РЕФОРМА

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Депутаттар мемлекеттік қызмет туралы заң жобасын мақұлдап, Президенттің қол қоюына жіберді. Жаңа құжат шенеуніктердің еңбек өнімділігін өсіреді деген үміт бар. Бірақ мемлекеттік машинаны тежеп тұрған ақауларды жөндеу үшін заң талаптары аздық етуі мүмкін. Абай аңсаған, Жүсіп Баласағұн жүйелеп кеткен қағидаларды басқару аппаратына қайтіп енгізген дұрыс? Ақ жағалы ағайынның сана-сезіміндегі сірескен сенді бұзбайынша, «билік» пен «білікті» ұштастыруға бола ма?

## БИЛІК

**А** Еркебұлан НҮРЕКЕШ

Кәсіби мемлекеттік аппарат құрамыз деген мақсат сонау 1997 жылы «Қазақстан-2030» стратегиясында қойылған. Содан бері елімізде төрт рет әкімшілік реформа жасалыпты. Бүгінгі өзгерісті солардың заңды жалғасы деуге де, бұрынғы реформалардан нәтиже шықпаған соң қайтадан қолға алынған шара деуге де болады. 2019 жылы Қасым-Жомарт Тоқаев алғашқы Жолдауында: «Мемлекеттік қызметшілер санын біртіндеп қысқартып, үнемделген қаражатты неғұрлым пайдалы қызметкерлерді ынталандыруға жұмсаймыз», — деген. Осы кезде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы түзіліп, билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату негізгі міндет деп бекітілген. 2022 жылы Қаңтар оқиғасынан кейін Президент мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту туралы Жарлық шашты. Реформаның бастапқы екі толқыны әкімшілік жүйені реттеп, қағазбастылықты азайтуға бағытталса, 2024 жылы басталған үшінші толқын мемлекеттік қызметтің ішкі мазмұнын жаңғыртуды көздейді. Отыз жылдық ізденістің қорытындысы іспетті биылғы заң жобасында бірқатар өзгеріс қамтылған. Мысалы, мемлекеттік қызметтің сервистік үлгісі тәжірибеге енгізілді. Яғни, мемлекеттік аппарат бұдан былай азаматтарға шындықта қызмет көрсетуге бет бұрады. Кадр саясаты жанартылып, меритократия қағидаты күшейтіледі. Шенеунікті қызметке қабылдап, мансабын көтеруде оның кәсіби қабілеті шешуші рөл атқарады. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің еңбегін бағалау жүйесі нақты нәтижеге негізделді. Тиімді жұмыс істеген қызметкерлерге бонустар мен ынталандыру тетіктері қарастырылған. HR-процестерді толығымен цифрландыру жоспарланып отыр. Соның арқасында биліктің ашықтығы артады. Мемлекеттік қызметтің бет-беделін биіктету үшін талантты мамандарды көптеп тартуға көңіл бөлінеді. Заң жобасында мемлекеттік қызметшілердің этикалық талаптары мен жауапкершілігі де қатандатылған.

Осы құжатты депутаттарға таныстырған Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбайдың сөзінше, жана заңда процеске емес, адамның мұн-мұқтажына басымдық беріледі.

— Заң деңгейінде тұңғыш рет мемлекеттік қызметте атқарудың негізгі қағидалары атап көрсетілді. Отаншылдық, кәсібилік, ашықтық, клиентке бағдарлану, этика,

ПЕН

БЫЛІК

мінсіз бедел, құқықбұзушылықтар мен мүдделер қақтығысына мүлдем төзбеушілік — абстрактілі ұрандар емес, әрбір мемлекеттік қызметші міндетті түрде орындауға тиіс талаптар, — деп мәлімдеді Агенттік басшысы.

Қағаз жүзінде жоспар жойқын, мақсат айқын. Ал іс жүзінде қалай орындалады? Мәселе — сонда. Алдымен мемлекеттік қызметкерлер саны жөніндегі «аңыз бен ақиқаттың» аражігін ажыратып алайық. Статистикаға сүйенсек, Қазақстанда ірілі-ұсақты 85 мыңға жуық шенеунік бар. Бұл жерде маңызды бір нәрсені ескеру керек: 85 мың дегенде әкімшілік және саяси мемлекеттік қызметшілерді ғана (министрлік, әкімдік мамандары, комитет қызметкерлері, т.б.) санаққа қосамыз. Мұның ішіне мұғалімдер, дәрігерлер, әскерилер, құқық қорғау органдарының өкілдері кірмейді. Егер бүкіл бюджеттік сала қызметкерлерін біріктірсек, 1,1 млн-нан асар еді. Жан басына шаққандағы көрсеткішті әлем елдерімен салыстырсақ, бізде бір шенеунікке 241 адамнан келеді екен. Ресейде бұл көрсеткіш — 60 адам, АҚШ пен Ұлыбританияда — 157 адам, Германияда — 165 адам. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдерде мемлекеттік секторда жұмыс істейтіндердің үлесі орта есеппен еңбекпен қамтылған халықтың 18-21 пайызына тең. Норвегия мен Данияда бұл көрсеткіш тіпті 30 пайызға дейін жетеді. Бізде жалпы мемлекеттік сектор (мұғалім, дәрігер, әскерилерді қосқанда) жұмыспен қамтылғандардың шамамен 10-12 пайызына парапар. Сондықтан Қазақстанда мемлекеттік аппарат шектен тыс үлкен деген жаттанды әңгіме шындыққа жанаспайды. Мұның артықшылығы да, кемшілігі де баршылық. Бір жақсысы, мемлекеттік қызметкер аз болса, бюджет шығындары үнемделеді. Бір жаманы, жан басына шаққандағы төмен көрсеткіш шенеуніктердің шамадан артық жұмыс істеуіне, жұмыс сапасының нашарлауына әкеп соғады.



сынайы. Неге десеніз, заң мәтініндегі «Өтініштерді формалды негіздер бойынша қараудан бас тартуға жол берілмейді» деген сөйлем тікелей бюрократиямен күреске бағытталған. Бұған дейін шенеуніктер үтір-нүктесі қате қойылған немесе бір қағазы кем өтініштерді бірден кері қайтаратын, тұрғындар қайтадан кезекке тұрып, уақыт құртатын. Жаңа заңда олай істеуге тыйым салынады. Мемлекеттік органдар өтінішті сызып тастамай, мәселенің мән-жайына тереңірек үңілуге тиіс. Ең бастысы, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бюрократияны тексеру арқылы жаңа бюрократия туғызба, қағазбастылықтың өзімен қағаз бетінде күреспесе болды.

Айтпақшы, заң жобасында лингвистикалық бюрократия проблемасы ескерілмей қалыпты. Неге екенін қайдам, ақ жағалылар алыстан орағытып, қарапайым нәрсені күрделендіріп, терминдетіп, бұлыңғырлатып сөйлейді ғой. Шыңғырған шындықты мейлінше жұмсартып айтудың амалы ма деп топшылаймыз кейде. 2022 жылы Жаңа Зеландияда шенеуніктерді азаматтармен қарым-қатынас кезінде «адамша» сөйлеуге міндеттейтін заң қабылданған. Бәлкім, бізге де осындай тетіктер керек шығар?!

Қазір қай мекеменің құзыреті қай жерден басталып, қай жерде аяқталатынын ажырату қиын. Қоғам белсенділері қаптаған қажетсіз мекеме көп деп шырылдайды. Бір-бірің бақылайтын комиссияны қадағалайтын комиссиялардың тармақтар ма схемасына қарасақ, бейне бір шым-шытырық шежіре оқығандай шатасамыз. Алысқа бармай-ақ өзіміз журналист ретінде мемлекеттік органдарға хабарлассақ, осыны анық аңғарамыз. «Мына сұраққа анау жауапты, ана сұрақтың бізге қатысы жоқ» деп бастарын ала қашып, бір-біріне сілтейді. Өртүрлі маман, өртүрлі департамент бір-бірінің қызметін қайталап жүргендей көрінеді. Жұмысты оңтайландырудың орнына мұндай күрделі жүйе құру кімге тиімді болғаны түсініксіз. Мемлекеттік аппаратты жетілдіру жолында бұған да назар аударған абзал.

Шыны керек, біздегі атқарушы билік мекемелері құпия қызмет орны сияқты. Әсіресе, әкімнің қабылдауына кіру — қиямет-қайым шаруа. Өңір басшысына жолыққысы келетін тұр-

ғындарды әуелі әкімдік қызметкерлері сұрыптап алады. Содан кейін ғана әлгі адам әкіммен бетпесті кездесу бақытына ие болады. 2018-2019 жылдары іске қосылған «Ашық әкімдік», «Сервистік әкімдік» сынды жобалардың осындай қолдан жасалған кедергілерді түбегейлі жойғанына күмән көп.

Рас, шенеуніктер де — аяғы аспаннан салбырап түскен бөгде планеталықтар емес, өз арамыздан өсіп шыққан азаматтар. Демек, мемлекеттік қызметтің ыстығына күйіп, суығына тонып жүрген мамандардың еңбегі лайықты бағаланғаны лазым. Енді заң бойынша олардың әлеуметтік қорғалуына кепілдік беріледі. Демалыс және мереке күндері жұмыс істесе, міндетті өтемақы төленеді. 25 жыл өтілі бар мемлекеттік қызметшілердің шотына зейнетке шығар алдында төрт жалақы мөлшерінде сыйақы аударылады. «Бірақ мұндай ерекше жеңілдіктер мемлекеттік қызмет сапасын арттыруға шынымен көмектесе ме әлде бюджетке қосымша шығын әкелумен шектеле ме?» деген сауал сананы сан-саққа жүгіртіледі.


Жалпы, нарықтағы жекеменшік компаниялар КРІ-і төмен, қажетсіз кадрларды ұзақ ұстамайды. Өйткені ондай мамандар компанияның жұмысын ақсатады. Өкінішке қарай, мемлекеттік органдар бәрі басқаша. Таңнан кешке дейін еңбек ететін бір қызметкерді үстінен бақылайтын екі адам отырады. Бастығы ондай масылдарды қызметтен қуып, орнына нағыз майталмандарды алайын десе, артында «көкесі» тұрады. Осы орайда заң жобасындағы мемлекеттік қызметке алдын ала кадр дайындау идеясы көңілге қонады. Оның мәні мынада: мектеп не университет қабырғасында оқитын жастар арнайы іріктеліп, кәсіби даярлық бағдарламасына қатысады. Оқу барысында мемлекеттік басқару пәндерін игереді, практикалық тағлымдамадан өтеді. Өз кезегінде оқуын бітірген түлек мемлекеттік қызметте кемінде 3 жыл жұмыс істеуге міндетті. Осылайша, Үкімет жас кадрларды ерте бастан халыққа қызмет көрсету мәдениетіне бейімдемек. Дегенмен мұндай модель бюрократияның кәсіби деңгейін өсіргенімен, еркін ойлы мамандарды азайтып жіберген жағдайлар әлемдік тәжірибеде жиі кездеседі.

Жақында Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек «мемлекеттік қызметшілер аптасына бір күн кітап оқысын, сол үшін арнайы демалыс күнін берейік» деген ұсыныс жасады.

— Олардың көкірек көзін ашу керек. Абай мен Макиавеллиді оқыту керек, — деді халық қалаушысы. Иә, шенеуніктерге бір күн демалыс жариялап, кітап оқыту идеясы теория жүзінде әдемі-ақ. Бірақ олардың үйде кітап оқып жатқанын ешкім қадағалай алмайды, кітап оқу күні жай ғана демалыс күніне айналып кетуі әбден мүмкін. Әйтсе де, қазақ шенеунігіне Абайдың ыстық қайраты мен нұрлы ақылы, Макиавеллидің салқын прагматизмі, Жүсіп Баласағұнның әділдік, парасат, қанағат тәрізді құндылықтары қажет екеніне ешқандай дауымыз жоқ. Осы қасиеттер бір арнада тоғысса, төрдегі төрелерге жалтақтаймай, жердегі қалың бұқараға қарайлайтын, қашанда халықтың қасынан табылатын билікті билік корпусын жақтауға болады.

## РУХАНИЯТ

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ



Күні кеше Freedom Finance Global PLC және Freedom Shapagat корпоративтік қорының қолдауымен жүзеге асырылып келе жатқан «Меценат» роман байқауының бесінші маусымы мәресіне жетті. Бұл жолы жазушы Есболат Айдабосынның «Бүкір» романының бағы жанды. Енді автор өмір бойы ай сайын 500 доллар көлеміндегі ақшалай сыйлықты алып тұрмақ. Біз осы орайды пайдаланып, жазушымен аз-кем әңгіме өрбіттік.

Есболат АЙДАБОСЫН:

## ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДА РОМАНЧИЗМ ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ

— Есболат, бұл байқауға қатысу көптен бері ойыңызда болды ма? Әбден дайындалып қатыстыңыз ба?

— «Меценат» байқауының бірінші маусымында Шархан Қазығұл ағамыз жеңімпаз болғанда, менің де қызығушылығым оянды. Осы байқауға түбі бір қатысармын деп ойлайдым. Бірақ мен «Бүкірді» бұл байқауға арнап жазған жоқпын. «Меценат» үшін жазып жатқан шығарма әлі аяқталған жоқ. Мен бұл байқауға шамамен 2-3 жылдан кейін, әлгі романим аяқталған кезде қатысам деп жоспарлаған едім. Ал «Бүкірді» бастапқыда «Айбоз» байқауына ұсындым. Оның жақсы жазылған шығарма екенін іштей білдім. Бірақ «Айбоздан» жүлде бұйырмалды. Сосын «Меценат» байқауының шартымен таныстым. «Бүкірдің» көлемі байқау шартына сай екен. «Айбоз» сыйлығынан жүлде бұйырмаған соң осы додаға қосып жібердім. Байқауға 33 шығарма ұсынылыпты. Қазылар соның ішінен іріктеп, алты шығарманы финалға өткізді. Үшеуі қазақша, үшеуі орысша. Осы алты роман жалпыхалықтық дауыс беруге шығарылды.

— Сол бір ай науқан кезінде сіздің шығармаңыз туралы әлеуметтік желілерде пікір көп жазылды. Бұның қандай да бір ықпалы болды ма?

— Иә, дауыс беру төрт аптаға созылды. Бұл байқаудың ең бір пайдалы тұсы — шығарманың оқылуына жағдай жасайды екен. Өйткені дауыс беруге ықыласты адам 1 600 таңбадан тұратын пікір жазып, өзінің әлеуметтік желісінде оны жариялауы шарт. Содан кейін барып mesenatkz.com сайтына тіркеліп, дауыс бере алады. Яғни, онда көлемдегі пікірді шығарманы оқымаған адам жаза алмайды. Сондықтан да байқаудың осы бір дауыс беру механизмінің өзі романдардың оқылуына жетелеп тұрды. Бізде көп байқауларда жүлде алған шығармаларды көпшілік оқи алмайды. Оны ұйымдастырушы тарап та жарияламайды, кітап болып шыққанда ғана көреміз. Ал мұнда басқа екен. Мысалы, «Бүкір» әлі кітап болып шықпаған, ел-жұрт оны электронды нұсқасы арқылы оқыды. Бір

қызығы, оқылуы жағынан қазірдің өзінде өз шығармаларымның арасында рекорд орнатты. Яғни, бұрын жазылған әңгіме, хикаяттарымның бәрінен озып кетті. Романның электронды нұсқасымен бірге аудионұсқасын да жасадық. Қуат Ахметжанов пен Риза Тұрдақынкызы дейтін дикторлар өздері сұрап алып, оқып, арналарына жүктеді. Бір айдың ішінде 40-50 мыңдай адам тындапты. Сондықтан бұл байқау шығарманың да, белгілі бір деңгейде менің де жарнамалды жасады. Әдеби ортадан алыста, Талдықорған сияқты қалалық аймақта тұрамыз ғой. Мүмкін, мені біреулер ұмыта да бастаған шығар, сол кезде адамдардың есіне қайта түскендей болдым. Әлеуметтік желіде парақшама жазылушылар саны көбейді.

— «Бүкірдің» кейіпкерлерінің прототиптері өмірде болған ба?

— Бүкір деген жүйрік өмірде болған, Алматы облысы Жамбыл ауданындағы «Дегерес» жылқы зауытынан шыққан жылқы. Енеден бүкір боп туған. Күзгі жабағы бөлу науқанында оны «мүгедек» деп танып, асылтұқымдылардың санатынан сызып, мініс аттарының қатарына қосып жібереді. Ол кейіннен бір қойшының қолына түседі. Қойшы онымен ара-тұра көкпарға шабады, ат жеткізбейді. Күндердің күні бәйгеге де қосылады. 30 шақты бәйгеге топ жарады. Бұл жылқының ерекшелігі, ешқандай бап тілемейтінде. Қойға мініп жүріп, бәйгеге қосса, жүлделі орын алады екен. Мен сол атты бала күнімде көрдім. Бұл шамамен 1992-1993 жылдар болуы керек. Үлкен қарагер ат екен. Кейіннен әдебиетпен айналыса бастаған жылдары «бұл ат туралы жазам деп» шығармашылық жоспарыма енгіздім. Ал шығармадағы екінші кейіпкер Қоспа туралы осыдан бес-алты жыл бұрын естідім. Нағашыларының ауылында өскен жетім бала. Нағашылары өз атын ұмыттырып, «Қоспа» деген жанама есім қойған. Қоспа деп әдетте малды айтамыз ғой, қоспа мал, бөтеннің малы дегендей. Осы бір жайт көңілімді алай-дүлей қылды да, оны жазуды ойлап, шығармашылық жоспарға енгізген бола-

тынмын. Қысқасы, екеуі де өмірде болған тіршілік иелері. Бірақ бір-бірін көрмеген. Олар менің шығармама ғана жолықты. Бірақ екеуінің тағдырында ұқсастық бар екен. Екеуі де жетім, екеуі де бүкір, екеуі де қоғам теперішін көреді, мазағына ұшырайды.

— Осы шығарма арқылы қандай да бір әлеуметтік-психологиялық мәселелерді көтеруді ойладыңыз ба? Әлде біздің халқымыздың дүниетанымындағы ерекшеліктерді көрсеткіңіз келді ме?



**Меніңше, әлемдік стандарт бізді де осыған алып келген сияқты. Бұрынғыдай трилогия, дилогияға қарағанда осындай 100-150 бет аралығындағы дүниелер өтімді.**

— Шыны керек, мен бұл жерде «мынадай бір ой айтайыншы» деп сюжетті ойға құрған жоқпын. Екі бірдей қоғамнан теперіш көрген, шыққан тегі белгісіз және ешкім үміт күтпеген жаратылыс иелерінің бір-бірін тауып, бір-бірінің бағын ашқанын көрсеткім келді. Өз басым қандай шығарма жазсам да, сюжетті бір идеяға байламаймын, тек тағдырларды көрсеткім келеді. Оның ар жағын әдебиеттанушылар өздері талдап, таразылап алады.

— Жылқы туралы жни жазасы. Жылқы тақырыбы қалай нысаныңызға айналды?

— Жылқы туралы жазғанды жаным сүйеді. Менің туған жерімде бәйге көп өтетін. Бала күнімде мен де бәйгеге шаптым. Балалық шағымда көрген сол жүйріктерді «Сүлікқарада» жаздым. Одан кейін «Тұлпар серті» деген әңгіме бар. Ол жерде Ракета және Бекжанның көк аты деген жүйріктердің тағдырын тоғыстыра отырып, бір тұлпардың бойына жиып суреттедім. Бүкірді жеке жазамын деген жоспарым болды. Соған жеттім. Осымен жадымдағы жылқы туралы ақпараттарды сарқып беріп, бұл тақырыптың есігін жақсылап жаптым деп ойлаймын.

— Айтпақшы, жақында отбасыңыз толығып жатыр екен, пер-

зентгі болыпсыз. Мына жеңісіңіз сол баланың ырзығы болды ғой.

— Қыз бала нәсіпті болады екен. Оған өз мысалымда көзім жетті. 2015 жылдың қарашасында екі ұлдан кейін қызым өмірге келді. Сол уақытта мен «Алтын тобылғы» мен «Алтын қалам» деп аталатын екі байқауда жеңімпаз атандым. Сол кезде алған қаражат маған кәдімгідей қолдау болды. Міне, осы жолы да байқауға қатысып, финалға шыққанымда, тағы да перзентті болдық. Бұл жолы да

қаптаған адам аты оқырманды шатастыратын сияқты. Кейбір кітаптардың соңғы жағында «мынау кім еді» деп бастапқы тарауларды парақтап отыратынымыз бар. Сол үшін шығармада кейіпкерге сараңдауым. Бір-екі оқиғада ғана көрінетін адамдарды Марат, Самат деп жатқанша, сол сәттегі оқиғаға орай, немесі түртұлғасына қарай «божбан қара», мотоцикл мінген бала дегендей сипаттай салса жеткілікті.

Жалпы, менің бағалауымда қазір қазақ прозасында романизм дәуірі басталды. Үлкен буын да, орта буын мен кіші буын да роман жазып жатыр. Тіпті, әңгіме жазбай-ақ, әдебиетке романмен келіп жатқандар бар. Сондықтан бұл құбылыс бір жемісін береді. Өткен қыста Мәскеуде өткен кітап жәрмеңкесіне қатыстым. Сонда бір баспагер жігіттің әңгімесін естідім. Бір жас жігіт әңгіме жазып әкелді дейді. Оқыдым да, «мұны енді романға айналдыр» деп тапсырдым дейді. Содан жарты жылдан соң әлгі жігіт роман жазып әкелген. Сол романды қазір кітап қып шығарып, сатып жатқанын айтты. Ол баспагердің ойынша, біріншіден, романға татитын сюжетті әңгімеге қор қылмау керек. Екіншіден, оқырмандар әңгімелер жинағынан гөрі тұтас романды оқығанды қалайды. Яғни, бір кітаптан бір оқиғаны егжей-тегжейлі оқығанды қалайды. Бізге де шикізатыңыз романға татитындай болса, оны әңгімеге пайдаланудың қажеті жоқ деген кенес айтты.

— Сіздіңше қазір қаламгер мен оқырман арасында қандай мәселе бар?

— Осыдан 10-15 жыл бұрын ақын-жазушылардың кітабын шығару үлкен мәселе еді. Қазір ол мәселе күн тәртібінде емес. Мемлекеттің бағдарламалары бар, жеке баспалар бар, кітаптар шығып жатыр. Ендігі мәселе — сол кітаптарды оқыту. Жекелеген баспалар шығарған өнімдерінің жарнамасын жасайды, әйтеуір кітаптарының оқылуын қамтамасыз етеді. Ал мемлекеттік тапсырыспен шығатын кітаптардың жарнамасы аз, сол себепті оқылымы да аз. Кітапханаға барсаңыз, оқылмаған кітаптар тұрады. Бұл — кітаптың қасіреті. Бұл орайда мемлекет өзі өндірген тауарды саға алмай, қоймаға үйіп қойып отырған кәсіпкер сияқты көрінеді. Сондықтан кітап оқытуды мемлекеттік деңгейде қолға алса деген ұсынысым бар. Оқушылар арасында, студенттер арасында оқырмандар сайысы өткізілсе... Ол сайыс жеңімпаздарына ЖОО гуманитарлық бағыттағы мамандықтар бойынша гранттар тағайындалса... Одан басқа да елді ынталандыратын қомақты жүлделер тігілсе... Сол кезде кітап оқытын жастар қазіргіден көбейетін еді, кітап оқу арқылы жетістікке жетуге болтанынын көрген жастардың әдебиетке деген ықыласы оянар еді. Осы арқылы тұтас кітап оқытын буын қалыптасар еді. 10-20 жылда-ақ оқырманы көп ұлтқа айналар едік.

— Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Айгүл СЕЙІЛ

## ДАМУ

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

# ҚЫЗҒАЛДАҚ ФОРМУЛАСЫ: ДАМЫҒАН ЕЛДІҢ ДАҒДЫСЫ

Жақында біз АҚШ-тың Орегон штатындағы әлемге әйгілі Wooden Shoe қызғалдақ фестивалін өз көзімізбен көріп қайттық. Бұл сапар тек эстетикалық әсер сыйлап қана қоймай, табиғат, агротехнология және құндылықтар туралы ойлануға мүмкіндік берген танымдық тәжірибе болды.

## СҰРЫПТАЛҒАН СҰЛУЛЫҚ

Wooden Shoe қызғалдақ фермасы – 16 гектар аумақты алып жатқан, көктем сайын түрлі түске боялатын ерекше мекен. Биыл бұл фестиваль 42-ші мәрте ұйымдастырылып отыр екен.

Wooden Shoe фермасында өсірілетін қызғалдақтар – қарапайым гүл емес, жылдар бойы жүргізілген селекциялық жұмыстың нәтижесі болып саналатын ерекше декоративті сұрыптар. Мұнда 100-ден астам қызғалдақ түрі өсіріледі, олардың ішінде ерте гүлдейтін, орта маусымдық және кеш гүлдейтін сорттар өзара үйлестіріліп отырғызылады. Мұндай тәсіл алқаптың бірнеше апта бойы үздіксіз «жаңарып» тұруына мүмкіндік береді. Менің байқауымша, бұл – тек агротехникалық шешім емес, адамдарға әр келген сайын жаңа визуал әсер сыйлауға бағытталған ғылыми-дизайнерлік стратегия да секілді.

Ферма қызметкері Рик Пистің (Rick Pies) айтуынша, мұнда жиі кездесетін сұрыптардың қатарында Darwin Hybrid, Triumph, Parrot және Double Late топтарына жататын қызғалдақтар бар. Мысалы, Darwin Hybrid қызғалдақтары ірі,

сабағы мықты, түсі қанық болып келеді – олар ашық алқапта жақсы көрінеді. Ал Parrot (тотықұс) қызғалдақтары ирек, «жыртылған» күлтелерімен ерекшеленеді, кейде бірнеше түстің күрделі үйлесімінен тұрады. Double Late сұрыптары раушан гүлін еске түсіретін көпқабатты құрылымымен көзге түседі. Айта кетейін, мұндай морфологиялық ерекшеліктер табиғатта сирек кездеседі, олар – мақсатты селекцияның нәтижесі.

## ФЕРМА – БЕЙРЕСМИ БІЛІМ БЕРУ АЛАҢЫ

Қызғалдақ фермасында жүргізілетін барлық агротехникалық жұмыс – атап айтсақ, пиязшықтарды іріктеу, сақтау, қайта отырғызу, гүлдеу мерзімін реттеу, топырақ құнарын қалпына келтіру ғылыми негізделген жүйеге сүйенеді. Әсіресе, қызғалдақтардың әртүрлі уақытта гүлдеуі үшін сұрыптарды кезең-кезеңімен отырғызу тәсілі биологиялық процестерді дәл есептеуді талап етеді. Бұл – өсімдіктер физиологиясы мен агрономия саласындағы нақты білімнің практикалық қолданысы дер едім. Сонымен қатар пиязшықтарды арнайы торларға



орналастырып отырғызу сияқты технологиялар еңбек өнімділігін арттырумен қатар, шығынды азайтуға мүмкіндік береді.

Ал екінші жағынан, осының бәрі фермаға келушілер үшін қызықты тәжірибеге айналған. Адамдар жай ғана гүл көріп қоймайды – олар алқап ішінде жүріп, әртүрлі түсті, пішінді салыстырады, суретке түседі, кейде гүлдерді өздері жинайды. Тіпті, әуе шарымен жоғары көтеріліп, бүкіл алқапты жоғарыдан көруге болады. Мұның бәрі адамдарды тек бақылаушы емес, процестің бір бөлігіне айналдырады. Әсіресе, балалар мен жастар үшін бұл – бейресми білім беру алаңы. Соның нәтижесінде мұнда келген қонақтар арнайы білімсіз-ақ, осының бәрінің артында үлкен еңбек пен жүйе бар екенін түсінеді. Сол арқылы ауыл шаруашы-

лығына деген көзқарас та өзгереді: ол жай жұмыс емес, терең білім мен дәлдікті қажет ететін сала екенін байқайды.

## ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҰМЫТПАҒАН ҚОҒАМ

Бізді қызықтырған тағы бір жайт – қызғалдақ фермасының иелері өз қызметін қоғаммен байланыстыруға, адамдарға маңызды мәселелер туралы ой салуға саналы түрде ұмтылатыны. Соның айқын мысалдарының бірі – Alzheimer Tulip деп аталатын қызғалдақ сұрпы. Бұл сұрып осы ферманың негізін қалаушылардың бірі Дороти Айверсонның құрметіне аталған. Ол 90-ға қараған шағында Альцгеймер ауруынан қайтыс болған екен. Осы сұрыпты сатып алудан түскен қаражаттың бір бөлігі Аль-

цгеймер қауымдастығына аударылады. Яғни, қарапайым гүл сатып алу әрекетінің өзі қайырымдылықпен ұштасып жатыр. Меніңше, мұндай тәсіл эмоциялық байланыс арқылы адамдарды әлеуметтік жауапкершілікке жұмсақ түрде тартудың тиімді жолы.

Фермадағы әлеуметтік жауапкершіліктің тағы бір маңызды қыры – қолжетімділік пен инклюзияға назар аударуы. Мысалы, аумақта түсті ажырата алмайтын (дальтонизмі бар) адамдарға арналған арнайы көзілдірікті тегін алу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл – алғаш қарағанда ұсақ деталь сияқты көрінгенімен, шын мәнінде өте маңызды қадам. Себебі қызғалдақ фестивалінің негізгі құндылығы – түс пен визуал әсер. Ал түсті толық қабылдай алмайтын адамдар үшін бұл тәжірибе шектеулі болуы мүмкін. Ферма осыны ескеріп, оларды да ортақ әсерден шет қалдырмауға тырысады.

## Түйін:

Осындай тәжірибені көргенде, «бұл бізде неге жоқ?» деген сұрақ еріксіз туады. Қазақстан – қызғалдақтың тарихи отаны бола тұра, мүмкіндікті толық пайдаланып отырмыз деп айту қиын. Соны дүрыс ұйымдастырып, ғылыммен, бизнеспен, туризммен ұштастыра білсек, біздің де даламыз әлем тамсанатын орынға айналар еді деп армандап қалдық. Әзірге әлеует бар, әрекет жоқ...

Аягөз КЕРЕЕВА,  
Калифорния Дэйвис университетінің тағылымгері, агрохимик-инженер

# ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУГЕ ҚОМАҚТЫ ИНВЕСТИЦИЯ САЛЫНАДЫ

Алматы облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу саласында жалпы құны 148,8 млрд теңгені құрайтын 8 ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Алматы облысының Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абаттандыру басқармасының басшысы Димаш Қожабеков мәлімдеді, – деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Өңірде санитарлық тазалау және стихиялық коқыс үйінділерін жоюмен қатар, жеке инвестицияларды тарта отырып, қалдықтарды қайта өңдеудің заманауи толыққанды жүйесін қалыптастыруға басымдық берілуде. Жоспарланған жобалар қатарында электр энергиясын өндіретін коқыс жағу зауытының құрылысы, тағам қалдықтарын өңдеу кешенін іске қосу, коқысты сұрыптау кешені мен биоэлектр стансасын салу көзделген. Сондай-ақ бұл жобалар жүзеге асқанда 300-ден астам жана жұмыс орны ашылады.

Сонымен қатар өңірде қайталама шикізатты қайта өңдеумен айналысатын бірқатар

кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Қазір Алматы облысында пластик, макулатура, шыны және тозған автодөнгелектерді сұрыптап, қайта өңдейтін 6 ірі және бірнеше шағын кәсіпорын бар. Олар жыл сайын 184 мың тоннадан астам қалдықты сұрыптап, қайта өңдейді.

Атап айтқанда, пластик қалдықтарын P.T.Z. компаниясы, макулатураны Kz.Recycling кәсіпорны өңдейді. Шыны қалдықтарын жинау және қайта өңдеумен Almaty Steklo мен Qazaq Glass Company айналысады. Ал тозған автодөнгелектерді «Эко Технология» және Urban Core Beverly Hill Group компаниялары қайта өңдейді.



Бұдан бөлек, өңірде жаңа инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Urban Core Beverly Hill Group компаниясы түрлі қалдықтарды қайта өңдеу өндірісін кеңейтуді жоспарлап отыр. Жобаның құны – 48 млрд теңге. Жаңғырту жұмыстарынан кейін кәсіпорын жылына 40 мың тоннаға дейін қалдық өңдей алады.

Еңбекшіқазақ ауданында «Гуандун Сучунь» компаниясы

құны 3 млрд теңге болатын коқыс өңдеу зауытын салып жатыр. Сондай-ақ Қарасай ауданында Kaz Waste Conversion компаниясы құны 15,5 млрд теңге болатын қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу кешенінің құрылысын жүргізуде.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы көгалдандыру және экологиялық инфрақұрылымды дамытуға да ерекше көңіл

бөлінуде. Жыл басынан бері облыста 103 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Бүгінде өңірде жалпы аумағы 69 мың гектардан асатын 20-дан астам экопарк жұмыс істейді. Сонымен қатар экологиялық және туристік аймақтарды құру бойынша жана жобалар іске асырылуда.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Алматы облысында 2024-2029 жылдарға арналған өңірлік іс-шаралар жоспары жүзеге асырылуда. Жұмыс санитарлық тазалау, стихиялық коқыс орындарын жою, қалдықтарды қайта өңдеу жүйесін дамыту және көгалдандыру сияқты бірнеше бағыт бойынша жүргізілуде. Экологиялық құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында облыс аумағында 9 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылды. Ал 2026 жылы аумақтарды санитарлық тазалауға жергілікті бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлінді. Сонымен қатар өңірде қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу саласындағы жана инвестициялық жобалар іске асырылуда», – деді Алматы облысының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абаттандыру басқармасының басшысы Димаш Қожабеков.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Медиа Консул» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 131240004563, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды.

Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 12-үй, 501Е, пошталық индексі 010000, тел.: +7 702 412 1300.

## ДАУА

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Жыл сайын 12 мамырда әлем Халықаралық медбикелер күнін атап өтеді. Жалпы, медбикелер күнін белгілеу туралы мәселе 1953 жылы алғаш рет жаһандық деңгейде көтерілді. Бірақ Халықаралық медбикелер кеңесі аталған мерекені тек 1971 жылы дүниежүзі бойынша ресми түрде бекітті. Ал 12 мамырдың таңдалу себебі, дәл осы күні бірінші ағылшын медбикесі Флоренс Найтингейл дүниеге келген. Ол XX ғасырдың басында Англияның медицинасын түбегейлі өзгертті және медбикелер қызметінің негізін қалап, ашылуына себеп болды.

## Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Медицина саласының ең негізгі тыныс-тіршілігі саналатын мейіргерлер мейрамы елімізде жыл сайын салтанатты түрде мерекеленеді. Биыл да адам жанына араша түсіп, уақытпен санаспай, науқастың жанынан табылатын ақ халатты абзал жандарға ерекше құрмет көрсетілді.

Қазір денсаулық сақтау саласында 270 мыңнан астам медицина қызметкері, оның ішінде 81 285 дәрігер және 190 644 орта медицина қызметкері жұмыс істейді. Олардың 145 мыңнан астамы медбике болса, ауылдық жерлерде 50 мыңнан астам маман, медициналық-санитарлық алғашқы көмек (МСАК) деңгейінде 65 мыңға жуық маман қызмет етеді. Олардың қажырлы еңбегі барлық құрметке лайық. Сондықтан ел көлемінде мерекеге орай медбикелерге арналған арнайы жиындар ұйымдастырылады. Еліміздегі ірі медициналық орталықтардың бірі — Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында (КИАҒЗИ) өткен мерекелік іс-шарада институт басшылығы медбикелерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың денсаулық сақтау жүйесіндегі орнын ерекше атап өтті.

— Медбикелер — біздің емдеу мекемелеріміздің жүрегі. Олардың күнделікті қажырлы еңбегі, науқастарға деген жанашырлығы мен кәсіби шеберлігі біздің жетістіктеріміздің негізі болып табылады, — деді институт директоры Асқар Смағұлов.

Кейінгі жылдары медбикелердің емхана мен алғашқы көмек көрсету жүйесіндегі міндеттері кеңейіп, олардың кәсіби мүмкіндігі артып келеді. Қазір медбикелердің ісін модернизациялау жұмыстарының қарқыны жоғары. Заман талабына сай медбикелерді тек дәрігердің айтқанын орындаушы ғана деп түсінуге болмайды. Олар тек екпе салып, дәрі тарататын маман ғана емес. Науқасқа психологиялық қолдау көрсетіп, ауыр сәтте үміт сыйлайтын жандар. Сонымен қатар мейіргерлер уақыт сұранысына қарай адамдарды, отбасыларды, халықты физикалық, әлеуметтік-психологиялық тұрғыда қолдауды да меңгерген.

Мәселен, әскери салада 20 жылға жуық медбике болып абыройлы еңбек етіп келе жатқан Феруза Утарбаева — кәсіби білігімен көпке үлгілі маман. Ол әскери қызметте жүрген талай жылдар ішінде әртүрлі міндет атқарып, көптеген тәжірибе жинақтаған. Оның айтуынша, бүгінгі



# МЕДБИКЕ - МЕЙІРІМДІ ҚАҒАРМАН

цифрлы технология әскери салаға да көп жанашылдық әкелді. Сондықтан қазіргі күні әрбір кәсіби медбике үнемі үйрену мен оқудан жалықпауы керек әрі кез келген қысылтаяң шақта тез шешім қабылдап, толық жауапкершілікті мойнына ала білуге тиіс.

— Әскери қызметке келуімнің бірнеше себебі болды. Біріншіден, анам Ресей армиясында қызмет еткен, әкем әскери комитетте жұмыс істеген. Осылайша, әскери сала менің өмірімнің ажырамас бөлігі деуге негіз бар. Екіншіден, мен спортқа жақын болдым, әскери қызметшілерді қатты құрметтейтін едім. Сол себепті 20 жасымнан бастап әскери қызметке келдім. Жолдасым хирург-дәрігер, сондай-ақ теңіз-жаяу әскерінде медициналық рота командирі. Мен үшін әскери қызмет тек міндет емес, бұл — өмірлік тандау, өз ісіне деген адалдық пен құрмет десем болады. Ал әскери маман болу үшін адам бойында шапшаңдық, ұқыптылық, жауапкершілік болу керек, — деді Ақтау қаласы, 29011 әскери бөлімі медицина қызметінің аға маманы (санитар-нұсқаушысы) сержант Ф.Утарбаева.

## ДӘРІГЕРЛІК КӨМЕКТІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ АРТТЫ

Қазір елімізде орта медицина мамандарын даярлаумен 94 медициналық колледж айналысады, оның ішінде 42 жоғары медициналық колледж мейіргер ісі бойынша қолданбалы бакалавриат бағдарламаларын іске асыруда және колледждерде 109 мыңнан астам студент білім алууда. Олардың бі-

лікті дәрігерден тағылым алып, кәсібіне тез бейімделіп кетуіне барынша жағдай жасалған. Жас мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындары мен колледждердің шәкіртақысы көбейді. Жыл сайын медицина саласына 23 мыңнан астам жалпы бейінді маман даярланады, ал кейінгі алты жылдың ішінде қолданбалы бакалавриат дипломы бар 20 мыңнан астам мейіргер жұмысқа орналасты.

Мейіргер ісін дамыту жұмыстарын үйлестіру мақсатында еліміздің 20 өңірінде өңірлік үйлес-

намалық өзгерістер жүзеге асырылып жатыр. Бұл дәрігерлердің жүктемесін азайтуға, пациенттер ағынын тиімді үйлестіруге, сондай-ақ медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Денсаулық сақтау жүйесінде мейір-



**Қазір денсаулық сақтау саласында 270 мыңнан астам медицина қызметкері, оның ішінде 81 285 дәрігер және 190 644 орта медицина қызметкері жұмыс істейді.**

тірушілер тағайындалды. Олардың қатарында практикалық денсаулық сақтау саласының, білім беру ұйымдарының және басқару органдарының өкілдері бар. Денсаулық сақтау министрлігі стандартты деңгейден бастап мамандардың құзыреттеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін «бакалавриат — магистратура — докторантура» академиялық дәрежелеріне дейін мамандарды даярлаудың сатылы жүйесін енгізді.

Медицина қызметкерлерін қолдау мақсатында бірқатар заң-

герлердің рөлі едәуір артты. Атап айтар болсақ, 2025 жылдан бастап медбикелер науқастарды өз бетінше қабылдау құқығына ие болды. Ресми ақпаратқа сәйкес, былтыр 9 айда медбикелер бес миллионнан аса адамға кеңес берген. Жаңа модельдің енгізілуі дәрігерлерге түсетін жүктемесін азайтып, базалық медициналық көмектің пациенттер үшін қолжетімділігін арттырды. Мәселен, медбике науқасты қабылдау кезінде пациенттің жалпы жағдайына тексеру жүргізеді, бойын, салмағын, арте-

риялық қысымын өлшейді, тамағын тексеріп, қандағы қант деңгейін анықтайды және адамның қалай тамақтанатынын, соңғы уақытта салмақ тастаған-тастамағанын, ұйқысының бұзылған-бұзылмағанын білу секілді мәліметтерді анықтайды. Сонымен қатар созылмалы аурулары бойынша динамикалық бақылауда тұрған және мерзімінде тұрақты зерттеулерден өтіп тұратын пациенттерге анализге жолдама жазып беру және қабылдауға дейін дәрігер тағайындаған дәрілер бойынша препараттарға рецепт жазып беруге құқылы.

Ұлт саулығын жақсарту алғашқы медициналық көмектен басталады десек, бұл тұрғыда медбикелерге жүктелер жауапкершіліктің салмағы ауыр. Республикалық медициналық-санитарлық алғашқы көмек (МСАК) орталығының деректері бойынша, жаңа ережелерді енгізу нәтижесінде емханада қабылдауды күту уақыты пациенттер үшін 5-7 күннен үш күнге дейін қысқарған. Ресми ақпаратқа сәйкес, елімізде алғашқы көмек көрсететін 692 медициналық ұйым жұмыс істейді. Бұл учаскелік дәрігерлері мен медбикелері бар клиникалар болса, олардың 243-інде өз бетінше мейіргерлік қабылдау енгізілген, бұл жалпы санның 35,1 пайызын құрайды.

Дегенмен сарапшылар барлық медбике пациенттерді қабылдай алмайтынын айтады. Республикалық МСАК орталығының бас медбикесі Айжан Есбосынованың сөзінше, медбикелердің медициналық білімі бакалавр деңгейінен жоғары және тиісті жұмыс тәжірибесі болуы шарт.

— Медбике мейіргерлік диагноз қояды, бақылау мен алдын алу тактикасын айқындайды. Ол дәрігер тағайындаған схема бойынша рецепт жазып, дәрігердің қарауын қажет етпейтін анықтамаларды бере алады. Яғни, медбикенің өз бетінше қабылдауы нақты регламенттермен реттеледі. Бұл көбінесе динамикалық бақылаудағы созылмалы аурулары бар пациенттерге арналған. Бұл ретте медбикелік қабылдау дәрігерді алмастырмайды, науқастың жағдайы нашарлағанда немесе қауіп-қатер анықталғанда пациент дәрігерге жіберіледі, — деді маман.

Жалпы алғанда, сала мамандарының бағалауынша, медбике жұмысын модернизациялау дәрігерлердің жүктемесін азайтып, әрбір науқаспен жеке жұмыс жүргізуге, емханаларда білікті мамандарға деген сұранысты реттеуге және медициналық туризмді дамытуға септігін тигізгіп, халыққа көрсетілетін медициналық қызметтің сапасына жағымды әсер етті.

**P.S.**

**Кәсіби мерекеге орай міндетін мінсіз атқарып жүрген мейіргерлерге халықтың денсаулығын сақтау ісіне қосқан баға жетпес үлесі, біліктілігі мен білімі, жанашырлығы мен адалдығы үшін алғыс білдіріп, еселі еңбекті құрметтеу әрбір азаматтың қастерлі борышы десек, артық болмас.**

## МӘСЕЛЕ

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

**К**үн жылып, көк шықса, кене де қоса шығып, адам баласына қауіп тигізетіні белгілі. Елімізде эпидемиологиялық маусым әдеттегіден ерте басталды. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне, бүгінге дейін шамамен 6 мыңға жуық адам кене шағуға байланысты медициналық көмек алған. Кейінгі аптаның өзінде елде кене шағудың 1500-ден аса жағдайы тіркеліп отыр. Өкініштісі, бір адам Конго-Қырым геморрагиялық қызбасын жұқтырып, қайтыс болды.



ша орынбасары Роза Утегенова елорда жұртына алаңдауға негіз жоқ дейді. Маман себебін былай түсіндірді.

— Кененің өзін жұқпалы, жұқпалы емес немесе эндемиялық кене деп бірнеше топқа бөлуге болады. Кене шаққан жағдайда кенені медицина мамандарына тапсырған жөн. Мамандар әр кенені зерттеуге жіберіп, оның қауіп бар жоғын анықтайды. Біз жыл сайын жағдайды зерттеп, бақылап отырмыз. Байқағаным, қаламыздағы кенелер шақса да, денеге тисе де, аса қауіпті ауру туғызбайды. Оңтүстіктегі, шығыстағы, Ақмола облысындағы орманды, шөбі қалың жерлердегі кененің қоздырғыштары да күшті келеді, алайда қай кезде де, қай жерде де қорғанып жүру міндетті, — дейді дәрігер.

**К**үн жылынып, ауа райы жақсарған бетте қала тұрғындары да табиғат аясына шығып, отбасымен демалғысы келеді. Дәрігер сәуір айынан күздің қазан-қараша айына дейін эпидемиологиялық маусым екенін, бұл кезеңде кенеден қорғанып сақтану керектігін қатаң ескертті.

— Астанада да демалыс орындарының өзінде кене шағу жағдайы тіркелді. Баласын тексеруге әкеліп жатқан ата-ананың қарасы мол. Балалар сырттан келгенде, үсті-басын, шашының арасын мұқият тексеріп қарау керек. Жабық аяқкиім кигізу керек. Баланы кене шаққан соң

### Айсұлу СЪЕЗХАН

— Биыл эпидемиологиялық маусым былтырға қарағанда, 1-2 апта ерте, яғни наурыз айында басталды. Әзірге кене энцефалиті тіркелген жоқ, бірақ кене шағу бойынша шағымдар бар. Қазірге дейін 5 мыңнан астам адам медициналық көмекке жүгінді. Оның 50 пайызы — балалар. Кене шаққан адамдардың 97 пайызы жедел профилактикалық көмек ретінде иммуноглобулин алды, — деді ҚР ДСМ санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің бас сарапшысы Арай Зекенова.

**Ж**алпы, оңтүстік өңір, Жәсіресе Алматы қаласы, Алматы облысы, Жетісу, Жамбыл, Абай, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары эндемиялық аумаққа жатады. Биыл Алматы мен Шымкент, Түркістан қалаларында шағымданушылар көп. Қазақстанның қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының мәліметінше, кейінгі аптада Шығыс Қазақстан облысында — 467, Алматыда — 425, Алматы облысында 299 жағдай тіркелген. Ақмола облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Жетісу облысы және Қостанай облысы аумақтарында да кене шағу дерегі тіркелген. 1462 адамға иммуноглобулин салынып, шұғыл профилактикалық көмек берілді.

### КЕНЕМЕН ОЙНАМАҢЫЗ

Дәрігерлер кене арқылы бірнеше қауіпті ауру тарайтынын ескертіп, кене шаққан жағдайда



бірден ауруханаға бару қажет дейді. Кене арқылы кене энцефалиті, Лайм ауруы, туляремия, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы, қайталамалы сүзек пен риккетсиоз секілді аурулар жұғуы мүмкін, ауру асқынған жағдайда адам өліміне дейін әкеп соқтыруы ықтимал. Бірнеше күн бұрын Жамбыл облысының Шу ауданында бір ер адам Конго-Қырым геморрагиялық қызбасын жұқтырып қайтыс болды.

## КЕНЕМЕН КЕЛЕТІН

# КЕСЕЛ



Эпидемиологтардың мәліметінше, марқұм мал шаруашылығымен айналысқан және медициналық көмекке тым кеш жүгінген. Сол себепті де кене шаққан мезетте бұған немқұрайлы қарауға болмайды.

**М**амандар оңтүстік өңірде қауіпті инфекция тасымалдауы мүмкін кенелердің көбейгенін айтып отыр және кененің негізгі тасымалдаушылары ретінде ауыл шаруашылығы жануарлары, әсіресе қойлардан қоздырғыштар табылып жатыр. Бір малдың үстінде жүзден астам кене болуы мүмкін. Егер олардың кем дегенде біреуі Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының вирусын тасымалдаса, адамға да жұғады. Жамбыл облысының алты ауданы мен Тараз қаласында инфекцияның табиғи ошақтары анықталды. Арнайы мамандар эпидемиологиялық бақылау кезінде 27 мыңнан аса кене жинаған, 2500 сынамааның 150-інде қауіпті вирус бар болып шықты.

### БАСТЫСЫ — УАҚЫТ ЖОҒАЛТПАУ

**Э**пидемиологтар иксод кенесі шаққаннан кейін инкубациялық кезең 14 күнге дейін созылуы мүмкін екенін ескертеді. Ауру белгілері көбіне тұмау немесе ЖРВИ-ге ұқсайды, адамның қызуы көтеріліп, жағ-

сарапшы Жазира Жұрханқызынан кене шаққан жағдайда не істеу керектігін сұраған едік.

— Иә, қазір Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне сәйкес, кене шағуға байланысты 5-6 мың науқас медициналық көмек алды деп бағалап отырмыз, алайда ауыл-аймақтарда медициналық көмекке жүгінбейтін, өз бетімен үй жағдайында кенені алып тастап, бәрі жақсы деп жүре беретін адамдар бар. Дәрігер ретінде кенесім: кенені беталды алып тастауға, суыруға, жұлып алуға болмайды. Тек медицина мамандарына барып көрініп, орнын тазалату керек. Басты ереже — кене шаққан жағдайда 72 сағат ішінде дәрігерге қаралу, қажет болса, профилактикалық ем алу, вакцина алу, — дейді дәрігер.

Дегенмен дәрігердің сөзінше, ахуал күрт нашарлады деп айтуға келмейді. Жалпы, қай өңірде де көктем ерте келсе, кененің белсенділігі де соғұрлым ерте басталады. Қазір елімізде кене арқылы жиі жұғатын аурулардың қатарында Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы мен кене энцефалиті тұр. Маман ертерек емделмеген жағдайда түрлі асқынға ұласып, мүгедек болып қалуы ықтималдығы артатынын да ескертті.

— Лайм ауруы, риккетсиоз, анаплазмоз, туляремия сынды ауру жұқтырған адамдар да тіркеліп жатады. Көбіне-көп кез-

**Кене арқылы кене энцефалиті, Лайм ауруы, туляремия, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы, қайталамалы сүзек пен риккетсиоз секілді аурулар жұғуы мүмкін, ауру асқынған жағдайда адам өліміне дейін әкеп соқтыруы ықтимал.**

десетіні — Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы, кене энцефалиті. Елімізде кене шаққаннан кейін менингит те жиі пайда болады. Уақытылы емделмеудің салдарынан орталық жүйке жүйесі, бауыр, қантамыр жүйесі зақымдалады, тіпті ішке қан кетуге дейін болуы мүмкін. Менингит кезінде ішкі ағзалардан қан кетеді, энцефалит пен менингиттен кейін мүгедектікке әкеп соқтырып жатады. Ал Лайм ауруы ерте анықталмаса, жүрек-қантамыр жүйесіне, буынға асқын беріледі, бәрінен қиыны — осы, — дейді Ж.Жұрханқызы.

### АСТАНАДАҒЫ АХУАЛ

Қазір еліміздің солтүстік өңірінде, Қостанай және Ақмола облыстарында да кене шағуға қатысты деректер тіркеліп отыр. Қала орталығындағы демалыс орындары мен парктерде де кене шағуға қатысты жағдайлар бар. Ал №3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы директорының медициналық бөлім бойын-

бас ауру, жүрек айну, әлсіздік, дене қызуының көтерілуі, бұлшық еттің ауруы секілді белгілер болуы мүмкін. Кененің шаққан орны ісініп қызарады, дызылдап ауырады. Белгілер алғашқы күні білінбей, кейде бірнеше күннен соң, не бір аптадан кейін, тіпті 14-21 күннен кейін көрініс табуы мүмкін, — дейді Роза Утегенова.

**М**аманның айтуынша, кене шаққаннан кейінгі ауру асқынуларда парализ, парез секілді неврологиялық ақаулар пайда болады. Тым кешігіп қалған жағдайда адам өліміне әкелуі де мүмкін. Ең бастысы, мамандар сақтық шарасын мұқият ескеруге шақырады. Мысалы, сыртқа, демалысқа шыққанда, қалың шөптен биік жерге, орындыққа, не шатыр астына отырған жөн, жабық киініп, шалбарды шұлық ішіне салғаныңыз абзал. Құрт-құмырсқа, жәндік бірден көзге түсу үшін ашық түсті киімдерді кигеніңіз дұрыс. Мақсатымыз — қорқыту емес, кене қауіпін сақтандыру.

## ПАРАСАТ

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

Университетке түскен жылы менің өмірімде ұлт тарихы мен бодандыққа қарсы бас көтерген халық ақындарына деген махаббатымды оятып жіберген бірнеше оқиға болды. Тіл сындырып, сауатымызды ашқаннан білім беру саласының бәрінде де негізінен орыс әдебиеті мен мәдениетіне баса назар аударылып, төл мұрамыз шетқақпай қалып, ұлттық қайнарын іздеген біздің буын елдің рухани тыныс-тіршілігіндегі кез келген жаңалыққа құлағын түріп, елеңдеп жатты.



Жалғыз менің ғана емес, өліара шақта өзгерісті күткен жастардың елік көңілін елеңдетіп, сеңнің қозғалуына себепкер болған қазақ ақынының дүниені дүрліктірген еңбегінің сол жылы қолыма түскені ойыма оралып отыр. Алматының шетіндегі қара базардан алып-сатарлармен саудаласа жүріп тұтас бір стипендиямды қиып алған кітабымның аты – «Азия», авторы – Олжас Сүлейменов еді.

Жүз мың данамен басылып шықса да Кремльдің пәрменімен сауда орындарынан тәркіленген кітап, айналасы екі-үш ай ішінде диссидент атанған орыс қаламгерлері Иван Буниннің «Қарғыс атқан күндер», Дмитрий Мережковскийдің «Қайта тірілген Құдайлар», Варлам Шаламовтың «Колыма әңгімелері», т.с.с советтік цензура «тұтқындаған» туындыларының қатарын толықтырды. Сәбидің кәмпитке құмарлығындай, тыйым салынған дүниені оқуға елдің ынтызарлығы қай заманда да күшті. Ендеше, күн ұясына қонуға таянған жалқын кеште жұрттан жасырынып оқитын кітапты жүрегі лүпілдеп қолына ұстаған мендей жаны нәзік романтиктің қандай ұлы сезімнің ләззатына батқанын айтпай-ақ түсінетін шығарсыз.

Ел-жұрт табанынан таусылып іздеп, таба алмай жүрген еңбекті қолға түсіргеніме бәрінен бұрын әкем қуанды. Көзі күлімдеп, сыртқы мұқабасын қызықтап, маған мейірлене қарады. Оқып-білгенімді жалпақ жұртқа жая беруімнің қажеті жоқ екенін ескертуді де ұмытпай, «уақыты келгенде бәрін өзін түсінесің, балам» деп басымнан сипаған.

Орысшаға сауатты анамның ақшамнан кейін басымызды қосып, тісіміз батпайтын күрделі тұстарын тәптіштеп түсіндіріп, «Азия»-ны дауыстап оқып беруі мен кітапты сатып алған қыркүйек айында қара шаңырағымыздағы қалыпты жағдайға айналды. Атақты ақынның орыстың азулы академиктерінің телпегін теріс айналдырып жіберген мірдің оғындай дәлелдері оқылған тұстарында әкем таңданысын жасыра алмай «Олжаскеңнің білмейтіні жоқ қой, білмейтіні жоқ» деп сүйсініп қояды.

Шамамен екі аптада кітап оқылып бітті. Іргелі зерттеудің соңғы парағын жауып, тынысымызды алған соң әкем

маған «Азия» жарық көргеннен кейін Олжастың дауға ілігіп, басына қауіп-қатердің қара бұлты төнгенін әңгімелеп берді. Орыс шовинизмнің дертіне шалдыққан мәскеулік ғалымдар 10 сағат бойы үтір-нүктесіне дейін қалдырмай кітапты талқылап, қызды-қыздымен ақынды «халық жауы» деп танып, тіпті ату жазасына кесу керек дегенді айтып танытқан. Қазақстанның бірінші басшысы Дінмұхамед Қонаевтың шатақ іске араласып, араша түсуінің арқасында ғана ақын «ажалдан» аман қалған. Димекен кітапты алып, Брежневке көрсетіп, онда ешқандай ұлтшылдық арам пиғылдың бір мысқалдай да ізі жоқ екенін дәлелдеп, басы бөлеге қалған ақын тағдырына балапанын қорғаған торғайдай шырылдап, араша түсіпті.

Қиялымды тербеткен жұлдызды түннің бір уағына дейін әкеммен әңгімелесіп, талай-талай құпиялардың түндігін түріп,



**Ғалымдардың дауыл күнгі дарияның толқынындай аласұрған талас-тартысы ХХ ғасырда да толастаған жоқ. Қайта бұрынғыдан да бетер күшейіп, шарықтау шыңына жетті.**

тереңінде жасырынған жұмбақ сырына қанықтым, «бүлікшіл» ақынды бұрынғыдан да бетер жақсы көре түсіп, жүзін көріп тілдесуді армандадым.

Қаланы қараңғылық қалжыратып, түн тыныштығына қарай бойсынып, марғау мысықтай маужырап кеткенімен, мына әңгімеден соң ұйқым шайдай ашылып қоя берді. Мектепте жүргенде бір оқығаннан көбейту кестесінде жадымда жатталып қалған ақын өлеңдерін ішімнен Құран ақтарғандай күбірлеп оқып, өзгелер түгіл, өзім де түсінбейтін тәтті сезімнің бесігінде балқып барамын. Көңілімдегі көбелек ойлар дүниенің жалғандығын ұмытқызып жіберіп, қиял әлемінде қаңғыртып қойды.

Мне удивительно: когда я весел, что ни потребуется — всё дают, когда захочется унылых песен, мне их с великой радостью поют. Бываю рад, и все — бываю рад,

я убегу, и все за мной в кусты. Когда в жару я вижу дно Урала, мне кажется, что все моря пусты. И потому, когда кочевье выманил всё моё племя, — я один пашу, когда никто не смеет слова вымолвить, мне рот завяжут — я стихи пишу.

Иә, бұл әділетсіздікке жаны төзбей, ақындықтың қынабынан қылыштай суырылған Махамбеттің өлер алдындағы жаны алқымына тірелгендегі соңғы сөзі. «Жұрттың бәрі шындықты айтудан қорыққан заманда, аузымды буып тастаса, мен өлең жазамын» дегенді ажалмен арпалысып жатып айту үшін, мінезден бөлек үлкен жүрек керек.

Не деген мағынасы терең ұлы сөздер! Не деген жүрек жұтқан батырлық! Ақын-

тыныштық бермей дүрсілдеп, «Азия»-ға араша түскісі келіп жұдырығымен кеудемнің қақпасын қайта-қайта ұрады. Әйткенмен, атағы дардай отандық ғалымдарымыз да оған болысуға қаймығып, тілдері кісенделіп отырған қысылтаян шақта шындыққа шөлдеген мендей пақырдың әділетке арашашы болуға күш-қайраты жете қояр ма екен. Шіркін-ай, ғайыптан тайып осындай бір мүмкіндік туа қалса, халқымның тарихын, мәдениетін, әдебиетін жокқа шығарып жатқан миғұлалардың бетінен алып, ағымнан ақтарылып, Олжасты қорғап, өзім білетін ақиқаттарды айтып-айтып тастар едім, қорықпай. Көңілдерін көң, көздерін шел басып «қазан төңкерісіне дейін қазақтарда мәдениет те, әдебиет те болған емес» деп төл тарихымызға топырақ шашып жүргендерге тойтарыс берсем,

## АҢЫЗҒА

дықтың ақиқатты айтқаннан асқан қандай биік мақсаты, асыл мұраты болуы мүмкін? Жанымды бір оқығаннан сиқырлап, көңіл күйімді жыландай арбап алған Олжастың осы бір ғажайып өлеңінен нағыз батырлардың бойында ғана болатын өршілдіктің рухын сезетінмін. Ішкі түйсігім мені алдамапты. Жетінші атасы Абылай хан әскерінің оң қанатын басқарған Олжабай батыр болып шықты. Өз әкесі Омар қазақтың тұңғыш кавалерия полкінде офицер қызметін атқарып, 1937 жылы жала жабылып, итжеккенге айдалып кетіп, Красноармейск аймағындағы Норильск лагерінде әйгілі түркітанушы ғалым Лев Гумилевпен бірге отырып, кейін ату жазасына кесіліпті.

Жесір қалған шешесі уақыт өте келе белгілі журналист Әбдуәли Қарағұловты жолықтырып, тұрмысқа шығады. Олжастың қайраткер тұлға, азулы ақын, ойшыл қаламгер, білікті ғалым болып қалыпта-

улы арманымға қол жеткізгендей болмаймын ба.

Бір қызығы, көктен сұрағаным жерден табылып, ондай мүмкіндік туып, мазамды алып, жанымның тыныштығын бұзған ұлы арманымның алдағы күндері орындалатынын мен сол түні мүлде білген жоқпын.

\*\*\*

1985 жылы орыс халқының ХІІ ғасырда дүниеге келген деп айтылып жүрген жазба ескерткіші «Игорь жорығы туралы жырдың» 800 жылдығы Совет Одағында кең көлемде аталып өтетін болды. Әрине, мұндай елеулі оқиғадан еліміздегі ең ірі жоғары оқу орны С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің де сырт қалмай, ғылыми конференциялар ұйымдастыруға білек сыбана кірісетіні айтпаса да түсінікті. Бірге оқып жүрген студенттерден орысша көш ілгері болғандықтан ба, біздің курстан мерейтойға арнап баяндама жасау міндеті менің мойныма жүктелді. «Азия»-ны оқып шыққаннан кейін қызығушылығым оянып, даулы тақырыпты ешкімге білдірмей зерттеп, ондаған кітап пен ғылыми басылымдарда жарық көрген жүздеген мақаланы шолып шыққандықтан, конференцияда сөз сөйлеуге қуана-қуана келістім. Бірақ университет ұсынысынан бас тартып, өз еркiммен «Подлинность слово о полку Игореве» деген күрделі тақырыптың құлағына сырға тақтым.

Түпнұсқасы өртеніп кетіп, А.И.Мусин-Пушкин жазып алған көшірмесі ғана қалып, біздің заманымызға жеткен орыстың ежелгі эпосы төңірегіндегі дауламай ХІХ ғасырда басталып, қызуы бір басылмай күні бүгінге дейін жалғасып келеді. 1801 жылы неміс тарихшысы Август Шлецер эпостың алғашқы басылымының жарық көруіне орай мақала жазып, ежелгі орыс ескерткішінің түпнұсқалығына күмән келтіргеннен бері басталған айтыс-тартыс жылдан-жылға өрттей өршіп барады. Әйгілі эпосты поляк тіліне тәржімалаған ақын Циприан Гобебский, Мәскеу университетінің профессоры М.Т.Каченовский да шығарманың ХІІ ғасырда жазылғанына байланысты көңілдерін қытықтаған күмәндарын жасыра алмай, шындықтарын айтты.

## ПАРАСАТ

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

1812 жылы жазба ескерткіштің қолжазбасы Мәскеудегі өртте сау тамтығы қалмай жанып кеткеннен кейін күдіктің қара бұлты бұрынғыдан бетер қоюлана түсті. Алып-қашпа әңгімелер туып, эпосқа қатысты дау-дамай жаңаша сипат алды. Каченовскийдің шәкірті И.Беликовтың «Некоторые исследования «Слова о полку Игореве» зерттеуіндегі болжамдар талас-тартыстың отына май құя түсіп, О. И.Сенковский сияқты беделді ғалымдарға дейін скептиктердің ынғайына жығылды. Күмәнданушыларға қарсы шыққандардың ішінде М.П.Погодин, С.П.Шевырев, М.А.Максимович, Д.Н.Дубенский, П.М.Строев, И.И.Давыдов, М.Н.Катков, тіпті, орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин де болып, шығарманың түпнұсқалығын дәлелдеуге бар күштерін салды.

слависі А.Вайян, эмиграциядағы орыс филологы Б.Г.Унбегаун мен ақын М.Г.Горлин, болгар ғалымы М.Арнаулов, жапон слависі Р.Кисакидің жазба ескерткіштің түпнұсқалығына күмән келтірген сериялық мақалалары бірінен соң бірі жарық көрді. 1940 жылы профессор Андре Мазон жырды зерттеген кітабын шығарып, оның Оссианның поэтикасына еліктеп жазылған шығарма болуы ықтимал екендігі туралы ойын білдірді. Белгілі ғалымның пікірінше, мұндай жалған эпосты қолдан жасау қажеттілігі Екатерина ханшайымның жеке басының абыройын асқақтату, орыс отаршылдарының Қырым мен Галицияны өздеріне қосып алу құқығының бар екенін дәлелдеу мақсатынан туған.

Әрине, жырдың түпнұсқалығын дәлелдегісі келген орыстың атақты ғалым-

оған күмән келтіру лениндік құндылыққа қарсы шабуылмен пара-пар буржуазиялық әрекет. Көне жырдың жауларына қарсы күрес қатты қарқын алып, жазалау науқаны күшейгендіктен, қызыл империяның қаһарынан қаймыққан ғалымдар енді бұл тақырыпқа қатысты ойларын абайлап айтуға көшті. Міне, осындай советтік идеология ғылым саласына да тізесін батырып, өктемдігін жүргізіп тұрған әліарада эпос туралы өз ойын айтқан бір үлкен ғалымның еңбегі мен орыстардың көбі жыға тани қоймайтын бір қазақ ақынының жарық көрген кітабы жұрттың көңілінде бейбіт күнде жарылған бомбадай әсер қалдырды.

1963 жылы жазба ескерткішті зерттеп жүрген орыс ғалымы А.А.Зимин аяқ астынан «жауларының» жағына шығып, сөз сөйлейді. Эпосты жан-жақты зерттеп,

Шын мәнісінде, Олжас Сүлейменовтің айтып отырған сөздерінің қисыны бар-тын. Тіл де химиялық элементтер сияқты мәдени байланыстардың, соғыстардың, саяси және экономикалық қарым-қатынастардың арқасында ұдайы өзгеріске ұшырап отырады. Мысалы, корей тілінің 75 пайызы қытайдікі, ал француз тілінің 25 пайызы араб сөздері екені дәлелденген. Ендеше көне эпостағы көптеген сөздің түркі тілінен алынғанына қатысты қандай күмән тууы тиіс. Тіпті, бұл шығарма орыс ақынының емес, түркі шайырының жазба мұрасы болуы да ықтимал ғой. Баяндаманды дайындау барысында әйгілі туынды түркі халқының көне заманда туған мадақ жыры емес пе екен деген ойға беріліп кеткен кезім де болды.

Ғылыми конференцияға мен барынта-жігерімді салып дайындалдым. Оқытушылардың дәрісін тыңдап бола салысымен, түстен кейін жол-жөнекей тамағымды іше салып, бірден Орталық кітапханаға тартамын. Тақырыпқа қатысты дүниелерді жаздырып алып, кітапхана жабылғанға дейін тапжылмай отырып, ғылыми еңбектерді, журналдарды, тіпті, орыс ақыны Игорь Шкляревскийдің эпосты қотарып аударып шыққан сол жылдары жасаған тәржімасына шейін оқып шықтым. Қазақ ақындары Берқайыр Аманшин мен Несіпбек Айтовтың эпосты ана тілімізге аударған тәржімасымен де таныстым.

«Игорь жорығы туралы жыр» эпосының 800 жылдығына арналған басқосуда біраз жұрт төбе көрсетті. Төменгі, жоғарғы курстың белсенді студенттері де қатысты. Маған сөз конференция аяқталар кезде тиді. Жүрегім дүрс-дүрс соғып, қобалжып кеттім.

Көне жырдың түпнұсқалығына қатысты мәселелерді ғана қозғауым керек екеніне қарамастан, баяндаманың соңына таман тақырыпты басқа жаққа бұрып әкеттім. Шешіліп сөйлеп, Олжас Сүлейменовтің «АЗИЯ»-сын қорғап, көкейімде жүрген ойларымды айтып-айтып тастадым. Қызды-қыздымен орыстың мүйізі қарағайдай ғалымдарының еңбегін сынап жіберіппін. Қазақ мәдениетіне Ресей немесе Еуропа ғалымдарының көзімен ғана қараудың қате екенін айттым. Конференцияға амалсыздан келіп, қалғып-шұлғып отырғандардың өзі басын көтеріп алып, менің сөзіме таңырқай қарасты.

— Өз халқының мәдениеті мен әдебиетін көтере отырып, өзге халықтың әдебиеті мен мәдениетін жоққа шығаруға болмайды, — деп сөзімді аяқтап ойымды түйіндедім. Соны айтудым мұң екен, университеттің біраз мұғалімі китүрқы сауалдар қоя бастады. Менің алдымда сөйлегендерге құр қол шапалақтай салған. Конференция аяқталғанда көзілдірік киген бір оқытушы қасыма келді де:

— Байқа, бала! Әкене сеніп жүрсің бе? Жаңағы сенің айтып отырған сөздерің ойыншық емес. Неге қарсы шығып отырғаныңды сен сезбейтін сияқтысың, — деп қатаң ескерту жасады.

Бәлкім, мұндай конференциялардың сол кезде көп өткенінен бе, әлде әлі жас қой деп аяды ма, әйтеуір менің сөздеріме ешкім ерекше көңіл бөліп, соңы дауға айнала қойған жоқ. Дегенмен тұмаудай жабысып, тамағымды жыбырлатқан шындықты айтып салғаныммен, әлдекімдер мәселе көтеріп, оқудан шығарып жібере ме деген күдік күні бойы көңілімнен кетпей қойды.

Амангелді КЕҢШІЛҚУЛЫ

# АЙНАЛҒАН АЗИЯ

текстологиялық жұмыс істеген ғалым Ленинградтағы Пушкин үйіндегі әйгілі баяндамасында «Игорь жорығы туралы жырдың» XII ғасырда емес, «Задонщинаның» негізінде, кейінгі ғасырларда жазылған шығарма екенін мәлімдеді. Баяндамашыны тыңдауға жиналған ғалымдардың ешқайсысы да Зиминнің дәлелдеріне қарсы уәж айта алмай, ауыздарына құм құйылды.

Әйткенмен, ғылыми ортада дүрлігіс туғызған оқиғадан кейін Советтер Одағы коммунистік партиясының идеологиялық бөлімі Зиминнің концепциясының саяси қауіпті екенін мәлімдеп, ғалымға қатаң ескерту жасалып, баяндамашының материалдарын жариялауға цензуралық тыйым салынды.

Он жыл өткен соң қазақ ақыны Олжас Сүлейменовтің тартысты тақырыпқа араласып, өз болжамын жасауы тағы да елеулі оқиғаға айналды. Күтпеген жерден ол «АЗИЯ» кітабында көне эпостың екі тілді оқырманға арнап жазылған, қос тілді меңгерген, яғни, орысшамен бірге түрк тілін де жақсы білетін автордың шығармасы болуы ықтимал екендігі туралы жорамалын жария етіп, ежелгі



1852 жылы В. М. Ундольский тұңғыш рет «Игорь жорығы туралы жырмен» ұқсастығы көп XV ғасырдың жазба ескерткіші «Задонщинаның» мәтінін жариялаған соң күмәнданушылардың қатары әжептәуір сейілгендей болған. Алайда 1890 жылы француз слависі Луи Леже ғылыми ортада талас туғызып келе жатқан эпостың «Задонщинаның» негізінде жазылған шығарма болуы ықтимал екендігі туралы болжамын жасады. Леженің айтуынша, бұл жыр халықтық туынды емес, бертінде жазылған білікті маманның төл шығармасы.

Ғалымдардың дауыл күнгі дарияның толқынындай аласұрған талас-тартысы XX ғасырда да толастаған жоқ. Қайта бұрынғыдан да бетер күшейіп, шарықтау шыңына жетті. Орыстың ұлы суреткері Лев Толстой жырдың жалған туынды болуы әбден мүмкін екенін тілге тиек етіп, оны Краледворск қолжазбасымен (Славян әдебиеті мен фольклоры саласындағы жалған қолжазба) салыстырды.

1938 жылы атақты ғалым Андре Мазон мен оның жақтастары француз



**Көне жырдың түпнұсқалығына қатысты мәселелерді ғана қозғауым керек екеніне қарамастан, баяндаманың соңына таман тақырыпты басқа жаққа бұрып әкеттім.**

дары ауыздарын ашып, ай бағып отырған жоқ. Асыл мұраларының XII ғасырдың туындысы екенін дәлелдеуге құлшына кіріскен ғалымдар Р.О.Якобсон, А.В.Исаченко, Е. А. Ляцкий, А. В. Соловьев, П.М.Бицилли, И.Н. Голенищев-Кутузов, В.П. Адрианова-Перетц, Н.К.Гудзий, Д.С.Лихачевтар күмәнданушыларға тойтарыс беріп, пікірталастың көрігі бұрынғыдан бетер қызып кетті.

Өкінішке қарай, кейбір советтік ғалымдардың еңбектерінен кейін бұл мәселе идеологиялық бағытқа бет бұрып, ғылымдан гөрі саяси сипат алды. Мәдениет саласындағы солақай идеологтардың пікіріне сүйенсек, «Игорь жорығы туралы жыр» орыс пен совет халқының мақтанышы, ендеше

орыс қайнарларынан ондаған мысал, жүздеген дәлел келтірді.

Бұрынғы тарих ғылымы далалықтар мен татар-монғол басқыншылығы кезінде орыс тіліне түркілердің екі-үш қана сөзі енді дегенді жағы талмай айтумен келген еді. Ал Олжас бұл кітабында орыс тілінің еншісіндегі көптеген сөздің түркі тілінен алынғанын өз тұрғысынан дәлелдеп, «Игорь жорығы туралы жырдағы» көзге көрінбейтін тюркизмдер туралы мәселе көтерді. Бодандығында болып, үстемдігін жүргізуге дағдыланған «жабайыларға» жоғарыдан қарап үйренген ресейлік академиктердің қазақ ақынының аузынан мұндай жаңалықты естігенде ашу-ызалары келіп, қандары қайнады.

16 МАМЫР 2026 | СЕНБІ

18 мамыр – Халықаралық музей күні. Бүгінде бұл мерекені әлемнің 150-ден астам елі атап өтеді. Түрлі халықтардың тарихи мұрасын көздің қарашығындай сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізу жолында еңбек етіп жүрген музей мамандары үшін бұл күннің орны ерекше. Өйткені музей – өткеннің үнін бүгінмен жалғайтын рухани көпір.

## А Сымбат БЕГИМБАЙ

Бұл атаулы күн 1977 жылы Мәскеуде өткен Халықаралық музейлер кеңесінің (ICOM) XI Бас конференциясында бекітіліп, 1978 жылдан бастап кәсіби мереке ретінде аталып келеді. Ал бүгінде бұл күн тек музей қызметкерлерінің мерекесі ғана емес, мәдени мұраны ұлықтайтын, тарих пен тағылымды тоғыстыратын маңызды датаға айналды. Әлем елдерінде осы күні ұйымдастырылатын «Музей түні» акциясы да музейлердің қоғам өміріндегі орнын айқындай түседі. Айтулы шара алғаш рет 1997 жылы Берлинде өткен еді.

Қазақстанда да музей мәдениетіне деген қызығушылық жыл сайын артып келеді. Еліміздегі музей ісінің тарихы тереңде жатыр. Ел аумағындағы алғашқы музейлердің бірі 1831 жылы Орынбордағы Неплюев әскери училищесі жанынан ашылған. Онда жергілікті халықтың тарихы мен этнографиясына қатысты мұралар жинақталған. Содан бері музейлер ұлттың рухани жадын сақтайтын маңызды мәдени орталыққа айналды. Мәдениет саласындағы жаңғырту жұмыстары, экспозициялардың жаңаруы және интерактивті жобалардың көбеюі музейлерді көпшілікке жақындата түсті. Мәселен, жыл басында алғашқы үш айда еліміздің музейлеріне 822 мыңнан астам адам барыпты, 1 219 көрме ұйымдастырылып, жаңа экспозициялар мен тақырыптық залдар ашылды. Сонымен қатар 4 200-ден астам мәдени-ағартушылық іс-шара өткізілген. Оның ішінде дәрістер, танымдық экскурсиялар, білім беру бағдарламалары мен интерактивті жобалар бар. Әсіресе, жастар аудиториясын тартуға бағытталған заманауи форматтардың көбейгені байқалады. Бұл – қоғамның тарихи санаға, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы күшейіп келе жатқанын аңғартатын көрсеткіш.

Қазір республика бойынша 285 музей жұмыс істейді. Олардың қатарында 5 республикалық музей, 12 музей-қорық, 15 өңірлік тарихи-өлкетану музейі, 71

мемориалдық және 16 көркемөнер музейі бар. Бұдан бөлек, қалалық, аудандық және ауылдық музейлер де ел тарихын, жергілікті мәдениетті насихаттауда маңызды

# ҰЛТ ЖАДЫНЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ



рөл атқарып келеді. Кейінгі жылдары музейлердің қызметі дәстүрлі жәдігер сақтаумен ғана шектелмей, ағартушылық бағытта да қарқын ала түсті. Әбілхан Қастеев атындағы өнер мұражайы ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Светлана Кобжанованың айтуынша, көпшілік музейді тыныштық пен қатаң ережелер орнаған кеңістік ретінде қабылдайды. Кейбір адамдар үшін ол тек әдемі суретке түсетін орын ретінде саналады. Алайда қырық жылдан астам уақыт бойы Қазақстан өнерін зерттеп келе жатқан кейіпкеріміз музейдің табиғаты мүлде тереңде жатқанын айтады. Одан бөлек, музей қызметкерлерінің басты міндеті жәдігерді сақтау ғана емес, оның маңызын келер ұрпаққа жеткізу екенін алға тартты.

«Музей – естеліктер сақталып қана қоймай, уақыт өте жаңа мағынаға ие болатын тірі кеңістік. Ал музейтанушының жұмысы тек жәдігер сақтаумен шектелмейді. Кей жағдайда маман ғалым секілді архив ақтарып, тарихи деректерді зерттейді, ал кейде детектив сияқты көмескі қалған



оқиғалардың ізін іздеуге мәжбүр болады. Сондықтан музейтанушыны өткен мен болашақтың арасын жалғайтын дәнекер ретінде сипаттасқанда болады. Музейдегі әрбір экспонаттың артында тұтас бір дәуірдің ізі, белгілі бір адамның тағдыры жатады. Мұра – иелік ету емес, бұл – үлкен жауапкершілік», – деді Светлана Кобжанова.

Қазақстан музейлері халықаралық мәдени байланыстарды

және форумдарға қатысты. Бұл өз кезегінде шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты нығайтып, жаңа мәдени жобалардың жүзеге асуына жол ашуда.

Қазақстан музейлерінің қорында бүгінде 4,5 миллионнан астам жәдігер сақтаулы. Бұл – ұлт тарихының бірнеше ғасырлық шежіресін бойына жинаған баға жетпес қазына. Сол құнды мұралардың қатарында әлем ғылымы мен археологиясының назарын аударған бірегей артефактар да



дамытуға да басымдық беріп отыр. Биылғы алғашқы тоқсанда республикалық және халықаралық деңгейде 28 ірі жоба жүзеге асырылды. Ел тарихы мен мәдениетін танытатын көшпелі және тақырыптық көрмелер ұйымдастырылып, отандық музейлер 26 халықаралық көрме, фестиваль

бар. Олардың ішінде Есік қорғанынан табылған әйгілі «Алтын адам», Аралтөбе сармат жауынгері, Шілікті мен Байгетөбе қорғандарынан шыққан «Алтын адамдар», Талды кешенінің тарихи ескерткіштері айрықша орын алады. Сондай-ақ «Таксай ханшайымы», «Ұржар абыз

әйелі», Елеке сазы қорғанынан табылған алтын киімді жауынгер де қазақ даласының көне өркениетін әлемге танытқан тарихи жәдігерлердің қатарына енді. Бұл жәдігерлер Ұлы дала мәдениетінің тереңдігін дәлелдеп қана қоймай, Қазақстан музейлерінің ғылыми әлеуетін де айқындай түседі.

Бүгінде музей мамандарының біліктілігін арттыруға да ерекше көңіл бөлінуде. Соңғы үш жыл ішінде жүзден астам қызметкер шетелдік тағылымдамалардан өтіп, халықаралық тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысқан. Бұл – отандық музей ісін заманауи талаптарға бейімдеп, ғылыми-зерттеу және экспозициялық жұмыстардың сапасын арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Музей саласының дамуы кәсіби мамандар даярлау ісімен де тығыз байланысты. Қазір елімізде мәдениет саласына кадр дайындайтын 10 жоғары оқу орны жұмыс істейді. Онда 10 мыңнан астам студент білім алып, 4 мыңнан аса педагог еңбек етеді. Ал музей саласының өзінде 4 мыңға жуық маман қызмет атқарады. Олардың арасында ғылым докторлары мен кандидаттары, магистр дәрежесіне ие кәсіби зерттеушілер бар.

Қазақ руханиятының көрнекті қайраткері Міржақып Дулатұлы: «Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ынғайлы болып тұрады» деген еді. Расында, өткеннің ізі сақталған жер – музей. Онда халықтың тарихы, өнері, тағдыры мен рухы сақталады. Сондықтан музейлер тек жәдігер қоятын орын емес, қоғамның мәдени деңгейін көтеретін, ұлттық сананы қалыптастыратын маңызды кеңістік саналады.

Қазір музейлердің алдында жаңа талаптар пайда болды. Бүгінгі көрермен, әсіресе жастар, тек жәдігерді тамашалап қана қоймай, ерекше әсер алғысы келеді. Сондықтан әлемдегі көптеген музей дәстүрлі форматтан біртіндеп алыстап, заманауи технология мен интерактивті тәсілдерге бет бұрып жатыр. Өйткені жастар үшін музей – тек өткеннің қоймасы емес, эмоция сыйлайтын, ойландыратын, таңғалдыратын мәдени кеңістік болуы керек. Сондықтан бүгінгі музейдің басты ерекшелігі – келушімен тіл табыса білуінде. Заманауи музейлер интерактивті технология, мультимедиялық шешімдер, цифрлық инсталляциялар мен ерекше экспозициялық әдістер арқылы көрерменге тарихты жаңаша сезіндіруге ұмтылып келеді.

AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтай Байыржанқызы –  
Алматы қаласы  
Сағхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баһи ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4739  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,